



БАРЛЫҚ ӨРКЕНИЕТТІ
ЕЛДЕРДЕ
КӘСІПКЕРЛЕРГЕ
КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ

5-бет



КӨК ТЕҢІЗДІҢ
КӨКЖАЛЫ

16-бет



Азат ПЕРУАШЕВ:
ЧТО ВАЖНЕЕ,
ЧЕМ ЛИЧНЫЕ
АМБИЦИИ И ОРЕОЛ
ОППОЗИЦИИ?

4-бет

ҚАЗАҚҰНИ20

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады


№20 (890) 25.05.2020 жыл

ТОҚАЕВ ТОЙТАРЫСЫ «ЕУРАЗИЯЛЫҚ ОДАҚТЫҢ» ЕСІН ЖИҒЫЗДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық экономикалық интеграцияның стратегиялық дамуы туралы құжатқа қатысты түсіндірме жасағанда бірінші кезекте тауарлардың кедергісіз әрі шектеусіз тасымалын іс-жүзінде қамтамасыз етуге босқа назар аударған жоқ. Өйткені, ЕАЭО-ға мүше болғалы бері Қазақстанның табысы кеміп келе жатыр. Мысалы, 2019 жылы қаңтар-қыркүйек айларында бюджет дефициті айқын байқалды. Еліміздің кірісі 7,7 трлн. теңге болғанда, шығысы 8,5 трлн. теңгеге өсіп кетіп, бюджет дефициті 813,1 млрд. теңге (2,1 млрд. доллар) болды! Өйткені, ЕАЭО елдерінен келген импорт өнімдер бір жылда 7,1% өсіп, 10,3 млрд. теңгені құраса, біздің Одақ елдеріне экспортымыз тек 2% ғана құрап, 4,4 млрд. теңгеге зорға жетті. Яғни, импорт экспорттан 2,3 есе асып түсті.



3 бет



АЛТЫН ОРДА КІМДІКІ?

Бұрынғы Кеңес мемлекеті құрамында болған елдердің сол тұстағы мектеп есігін ашқан ұрпақтарын былай қойғанда, әлем халқының бүгінгі таңдағы барша зиялылары арасында да Шыңғыс хан есімі мен «Алтын Орда» мемлекеті туралы азды-көпті мәлімет естімегені жоқ болса керек-ті. Әсіресе, соңғы екі мың жылдықтың ең ұлы адамы ретінде Шыңғыс хан есімі аталғаннан бертіңгі жерде естияр жұрт түгел елеңдегені анық...

8-9 бет

МӘСЕЛЕ ДОМБЫРАДА ЕМЕС, МӘСЕЛЕ - КИЕДЕ!

Батыс кәзір әбден дамыды. Дамығаны сонша, ешқандай киелі, қасиетті нәрсе қалған жоқ олар үшін. Айуан істемейтін нәрсені істеп, еркек пен еркек, әйел мен әйел, шешесі мен баласы отбасы құрып жатыр...

12 бет



ПАРАСАТЫ БӨЛЕК, ПАЙЫМЫ ЕРЕК...

Бейсен Құранбек ойы терең, сөзі берен, бергенінен берері мол, парасаты бөлек, пайымы ерек от жалын жас еді. Қыршын! Амал не? Қара жер бәрін көтереді. Қара жер көтерген қайғыны қалың ел - қазағы да көтереді! Басқалай шараң қайсы?!

15 бет

ЗАЧЕМ КАЗАХСТАНУ ТАКОЙ ЕАЭС!

10 бет

Наконец президент Касым-Жомарт Токаев показал характер – раскритиковал стратегию развития Евразийского экономического союза, заговорил об устранении всяких барьеров, защитил национальные интересы! Это не демарш, а разумный подход к реальной интеграции, и не игра в поддавки с Россией, как было раньше...



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ МІНСІЗ БОЛУЫ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында ғана Қаржы министрі болып тағайындалған Ерұлан Жамаубаевты қабылдады. Министр еліміздегі қаржы саласының негізгі жұмыстары туралы есеп берді.

Қазақстан Президентіне республикалық бюджеттің орындалуы мен жоспарлануы, мемлекеттік сатып алулар мен қазынашылық қызмет көрсету ісінің жүзеге асырылуы, мемлекеттік аудит жүргізу, мемлекеттік активтерді басқару, салық және кеден салаларын әкімшілендіру, сондай-ақ, қаржылық құқық бұзушылықтарды анықтау жайында баяндалды.

Мемлекет басшысы көленкелі



экономикаға қарсы күрес, салық көлемін өсіру, бюджеттік рәсімдерді оңтайландыру, көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлерінің сапасын арттыру және қарыздық шектеулерді сақтау бағытында жүйелі жұмыс жүргізу қажеттігін айтты.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев салық және кеден салаларын әкімшілендіру, мемлекеттік сатып алу және бюджет үдерісіне қатысты заңнамаларды жетілдіру мәселелері бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҚ ОҢТАЙЛАНДЫРЫЛАДЫ

ҚР Үкіметі Ақпарат саласын дамытудың 2020-2022 жылдарға арналған ұлттық жоспарын бекітті. Оған сәйкес бірқатар мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарымен оңтайландыру шараларымен қамтылатын болды.

Үкімет қаулысына сәйкес отандық БАҚ-тың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін БАҚ-ты мемлекеттік қолдау тәсілдерін қайта қарау көзделген. Осыған байланысты, жаңалықтар материалдарын өндіруге мемлекеттік ақпараттық тапсырыстан

қаражат бөлуді алып тастауды қарау қажеттігі, сол арқылы оларды әлеуметтік маңызы бар тақырыптарды жария етуге бағыттау керектігі атап өтілген. Сондай-ақ, ақпарат саласын доквиземлекеттік сәтасор субъектілерін оңтайландыру жүргізіледі.

Медиахолдингтерді құру ұйымның шығармашылық әлеуетіне назар аударуға мүмкіндік береді делінген құжатта. Осы орайда онлайн және баспа БАҚ саласында жеке медиахолдингтер құру нарық сұраныстарына икемді

ден қоюға, сапалы бәсекелес өнім ұсынуға, сондай-ақ оларды қамтамасыз етуге арналған бюджет қаражатын үнемдеуге мүмкіндік беретіндігі аталып өткен. Бұдан бөлек, блогерлердің құқықтық мәртебесін айқындау мәселесіне назар аударылған. Блогерлердің қызметін құқықтық реттеу мақсатында көптеген елдер бірқатар халықаралық құжаттарды басшылыққа алынады. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі комитеті блогерлердің қызметін журналистика нысанына теңестірілген.

СПОРТШЫЛАР ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨРСЕТТІ

Талдықорған орталық «Иман» мешітінде Daco Motors және «Alem Fighters» спорт мектебі демеушілігімен 500 отбасыға күнделікті тұтынатын азық-түліктердің түр-түрі салынған қораптар таратылды.

«Алла елімізге тыныштық, берекелі өмір нәсіп етсін. Ел жанашырлары, ел жігіттері, спортшылары бар, бәріміз бірігіп, осы қиын-қыстау кезеңінде осы уақытқа дейін 8 мыңнан аса азық-түлік қорабын таратқан едік. Оның 6 мыңын Алматы қаласындағы, 2 мыңы Алматы облысы тұрғындарына арнадық. Қазақстанның әр бір облысындағы жігіттерді осындай қайырымдылық істерді әркезде орындауға шақырамыз» – деді аталмыш іс-шараға мұрындық болған Ардақ Назаров жиналғандарды қасиетті Рамазан айымен құттықтап. Іс-шараға арнайы шақырылған көпшілік «Иман» мешіті қызметкерлері мен спортшыларға жылы лебіздерін білдіріп, көрсеткен қайырымдылықтары үшін алғыстарын жеткізді.

БІЛІМ ГРАНТТАР САНЫ БЕЛГІЛЕНДІ

ҚР Білім және ғылым министрлігі 2020-2021 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітті.

Министр бұйрығына сәйкес, 2020-2021 оқу жылына арналған мамандықтар бөлінісінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды, магистрлерді және PhD докторларын даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бөлінді. Құжатқа сәйкес, биыл жоғары білімі бар кадрларды (бакалавр) даярлауға – 53 864 грант бөлініп отыр. Ғылыми-педагогикалық магистратура бағытына – 12 915, бейінді магистратураға – 710 және PhD докторларын даярлауға – жалпы 2 355 тапсырыс бөлінген.

САЯСИ ПАРТИЯЛАР МҮМКІНДІГІ МОЛАЙДЫ

Алдағы уақытта саяси партияларды құру және тіркеу талабы едәуір жеңілдейтін болады. Бұл туралы ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев мәлімдеді.

«Президентіміздің ұсынысымен бүгін қабылданып отырған заңдар елдің саяси өмірінде ерекше мәнге ие. Саяси партияларды құру мен тіркеу талабы едәуір жеңілдетіліп отыр. Партияларды тіркеудің талаптанған заңдар көппартиялық жүйені одан әрі нығайтуға септігін тигізетіні сөзсіз», – деді М. Әшімбаев Сенаттың жалпы отырысында. Мұнымен қоса ол әйелдер мен жастарға еліміздің қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысуы үшін қосымша

мүмкіндік берілетінін атап өтті. «Сондай-ақ партиялардың сайлау тізімінде әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздың міндетті квота белгіленді. Ол әйел адамдардың және жастарға еліміздің қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысуы үшін қосымша мүмкіндік береді. Мұндай өзгертулер демократиялық даму жолындағы нақты қадам деп қарастыруымыз керек. Олар саяси жүйемізді ары қарай дамытуға үлес қосады деп сенеміз», – деді Сенат төрағасы. Бұдан бұрын хабарланғандай, Сенаттың жалпы отырысында «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңы мен «Саяси партиялар туралы» Заңына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданды.



ҰЛТТЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТЕДІ

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің кезекті үшінші отырысы 27 мамырға жоспарланып отыр.

Осы жолғы отырыс онлайн форматта өтпекші. Оған еліміздің көптеген аймақтары қосылады деп жоспарланған. Бұл туралы Президент кеңесшісі Ерлан Қарин өзінің Telegram парақшасында жазды. «Ұлттық кеңес мүшелерінің ұсынысы

бойынша алдағы отырыстың күн тәртібі адами капиталды дамыту, атап айтқанда білім саласын дамыту мәселелеріне арналады», – деп жазды Ерлан Қарин.

Ақпан айынан бері Ұлттық кеңес мүшелері елдегі білім жүйесін дамыту бойынша ұсыныстар мен кеңестерді қарастырып келді. Оның барлығы алдағы отырыс барысында жан-жақты талқыланатын болады.

АРМЕНИЯДАН ӘКЕЛІНГЕН КӨЛІКТЕР ТІРКЕЛІНЕДІ

Көптен бері жырға айналған Армениядан әкелінген көліктер ақыры тіркеуге алынатын болды. Бұл мәселені шешу үшін Президент Үкіметке Қазақстан азаматтарының ЕАЭО елдерінен 2020 жылдың 1 ақпанына дейін әкелген көліктерін тіркеуді тапсырған-ды.

Үкімет 2020 жылдың 1 - ақпанына дейін Армениядан әкелген автокөліктерді тіркеу туралы шешім қабылдады. Көліктерді тіркеу 1-маусым мен 1-қыркүйегі аралығында жүргізіледі. «Тіркеуге сол жақтағы басқару элементтері бар автокөліктер жатады. Үш төлеммен шектеу туралы шешім қабылданды: тіркеу жарнасы – 695 теңге, тіркеу куәлігі үшін төлем – 3 473 теңге және мемлекеттік тіркеу нөмірі үшін – 7 778 теңге. Төлемдердің жалпы сомасы 11 946 теңгені құрайды», – деп түсіндірді Алматы қалалық ПД бастығының бірінші орынбасары Нұрлан Алмасбеков.



Көлікті тіркеу үшін жеке басын куәландыратын құжат, мемлекеттік тіркеу алымының төленгені туралы құжаттар, Армения Республикасының уәкілетті органы шығарған көлік құралдарына арналған СРТС және МТНБ, автокөлік құралдарын тіркеуге ұсынылған басқа тілде жасалған құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аударылған және аударманың дәлдігі туралы нотариустың немесе осындай уәкілеттік берілген басқа адамның қолтаңбасы болуы керек.



«ҚАЗМЕДИА» ОРТАЛЫҒЫ ҚАТАҢ РЕЖІМГЕ КӨШІРІЛДІ

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева «Евразия + ОРТ» ЖШС қызметкерлерінің коронавирус инфекциясын жұқтыру жағдайына қатысты пікір білдірді.

«Шынында да арна басшылығының бастамасымен жүргізген тест нәтижесінде екі адамның вирус жұқтырғаны расталды. Қазіргі уақытта «Қазмедиа орталығы» ғимаратының жұмысы эпидемияға қарсы қатаң режимге көшірілді. Вирус жұқтырған азаматтармен жақын қарым-қатынаста болғандар анықталып, 14 күндік үй карантиніне жабылды. Ғимарат жұмыс істейтін азаматтардың бәрі де кезең-кезеңмен коронавирус анықтайтын тестілеуден өтеді», – деп жазды Аида Балаева facebook парақшасында. Министр кейінгі кезде қазақстандықтар жаппай COVID-19 бойынша тестілеуден өтіп жатқанын жеткізді. Сол себепті науқас саны бойынша ресми статистика көрсеткіші өскен. «Өзіңіз бен туғандарыңызға қауіп төндірмеу үшін санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың бәрін сақтауға шақырамын», – деді ол.

Кешегі Еуразия Экономикалық Одақ елдері президенттері кеңесінің басты кейіпкері – Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев болды! Осы Одақ құрылғалы алты жылдың ішінде тұңғыш рет тең атаның текті ұлындай теңдік сұрап, әділдікті талап еткен сөзді естіп, «ел екенбіз ғой» деп, еңсеміз бір көтеріліп қалды. Бұрын бұндай сөздерді тек Белоруссия президенті Александр Лукашенкодан естіп, қызығып қарап отыратын едік... Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің бейне конференция форматында өткен кезекті отырысына қатысқан Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақ мүддесін қорғап, ЕАЭО елдері арасындағы экономикалық байланыста біржақты заңсыз және жасанды кедергілердің жойылмай отырғанын сынады.



ТОҚАЕВ ТОЙТАРЫСЫ «ЕУРАЗИЯЛЫҚ ОДАҚТЫҢ» ЕСІН ЖИҒЫЗДЫ

Сонымен бірге «2025 жылға дейінгі Еуразиялық экономикалық интеграцияның стратегиялық даму бағыттары туралы» құжаттың жобасына назар аударып, онда Одаққа мүше елдердің егемендігіне елеулі нұқсан келтіретін ережелер бар екеніне ерекше тоқталды.

Еуразиялық экономикалық комиссияның Одаққа мүше елдердің кеңесі қорытындысын күтпей-ақ алдын-ала ол стратегиялық құжатты «қабылдап қойған» анонстарына тойтарыс беріп, «Ондай мемлекеттер үшін ерекше маңызды құжатты қабылдау-қабылдамау мәселесін біз, мемлекет басшылары шешеміз!» – деп бір-ақ кесті!..

– Алдағы бірнеше жылға арналған интеграцияның негізін қалайтын аталған құжаттың ерекше маңызды екенін ескере отырып, оны әлі де талқылап, бепте-бет кездесу барысында қабылдаған жөн. Ерте ме, кеш пе, біз бір-бірімізбен кездесеміз, – деді Мемлекет басшысы.

Одаққа мүше елдер арасындағы екіжақты ынтымақтастық ең алдымен әлеуметтік, гуманитарлық қатынастарды қамтитынын атап өтті.

– Сондықтан, аталған мәселелерді бесжақты форматта Еуразиялық экономикалық комиссияны қатыстыра отырып қарастыру, оның нақты іске асуын қиындатады. Денсаулық сақтау, білім және ғылым салаларын Еуразиялық экономикалық комиссияның құзыретіне толық көлемде беру, оның экономикалық бағытын айтарлықтай өзгертіп жіберуі мүмкін. Яғни, 2015 жылғы Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы келісімнің мәніне Қасым-Жомарт Тоқаев.

– Стратегияда ұсынылған заңнаманың «үйлестіруге және біріздендіруге» қатысты құқықтық жауапкершілік орнату бөліміндегі әкімшілік және қылмыстық, кеден ісі, техникалық реттеу, тұтынушылардың құқығын қорғау сияқты бірқатар сала, біздің пікірімізше, ақылға қонымды жеткіліктілік қағидатына әлі де толық жауап бермейді. Ал бұл

ұлттық қоғамдық ой-пікірдің Стратегияны қабылдамауына алып келеді. Өйткені, Стратегия үкіметтер мен парламенттердің дербес құқығын шектейді, – деп атап көрсетті Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық экономикалық интеграцияның стратегиялық дамуы туралы құжатқа қатысты түсіндірме жасағанда бірінші кезекте тауарлардың кедергісіз әрі шектеусіз тасымалын іс-жүзінде қамтамасыз етуге босқа назар аударған жоқ. Өйткені, ЕАЭО-ға мүше болғалы бері Қазақстанның табысы кеміп келе жатыр. Мысалы, 2019 жылы қаңтар-қыркүйек айларында бюджет дефициті айқын байқалды. Еліміздің кірісі 7,7 трлн. теңге болғанда, шығысы 8,5 трлн. теңге өсіп кетіп, бюджет дефициті 813,1 млрд теңге (2,1 млрд доллар) болды! Өйткені, ЕАЭО елдерінен келген импорт өнімдер бір жылда 7,1% өсіп, 10,3 млрд теңгені құраса, біздің Одақ елдеріне экспортымыз тек 2% ғана құрап, 4,4 млрд теңгеге зорға жетті. Яғни, импорт экспорттан 2,3 есе артты.

Мұндай Одаққа өз тауарымызды өзге елдерге өткізе алмай, Ресейдің тауарларын тұтынушы ел болу үшін ғана, өзге елді байыту үшін ғана кірудің не керегі бар еді?

Иә, Қазақстан тауарларының Ресейге кіре алмай кедергілерге ұшырап, шығынға батып жатқанымызды, яғни тенсіздікті «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев та парламентте талай көтеріп, мемлекеттік мүддемізді қорғай алмай отырған

Үкіметімізді сынаған болатын.

Қасым-Жомарт Тоқаев барлығын нақты дәлелдермен қаққан қазықтай қадап тұрып шешімін шегелеп сөйлеуі де Ресей президенті Путиннен бастап бөрінен састыры.

Путин Тоқаев сөйлеп отырғанда өзін қоярға жер таппай, оң жағындағы біреуге еңкейіп бірдене сұрап, әбігерге түсті. Соған карағанда, Еуразиялық экономикалық комиссияның бесжылдық стратегиялық даму жоспарын алдын-ала «қабылдап қою» шешімі қайдан шыққаны және оған қарсы Тоқаевтың тойтарысы кімге барып тигені белгілі болды...

Соған карағанда біз Тәуелсіздік алғалы отыз жыл болса да, Одақ құрылғалы алты жыл болса да, «айттым-болды» деп келген Ресей Президенті өзге мемлекеттердің де мүддесін қорғап, олардың да ұлттық мүддесін қорғайтын халық мен қоғамдық күштері барлығын ұмытып кеткен секілді.

Еуразиялық одақтың кеңесінде Қазақстан Президентінің қандай да бір шешім қабылдауда ең алдымен мемлекет мүддесі мен ұлттық қорғалатынын атап өтуі де «енді бұрынғыдай болмайды» дегенді анық аңғартқандай еді...

Екі күннен бері еңсесі биіктеп, жалы көтеріліп қалған жалпы Қазақ Елі азаматтары да әлеуметтік желіні желпіндіріп, токтерін айтқан Тоқаевқа деген шынайы ризашылықтары мен зор қолдауларын жарыса жазып жатыр.

Ал Қырғыз Республикасы Президенті Сооронбай Жиенбековтың көрші елге бағыттап,



ПРЕЗИДЕНТТІ ҚОЛДАП ЕЛДІҢ ТҰТАСТЫҒЫНА ЖҰМЫС ІСТЕЙІК

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев мырзаның ЕАЭС-тегі сөйлеген сөзінде 2025 жылдарға арналып қабылданар құжаттың одаққа мүше елдердің егемендігіне нұқсан келтіретін тұстары бар екенін, оны әлі де пысықтап барып қабылдау немесе қабылдамау қажеттігі жөніндегі ұсынысы «батыстағы» басты көршімізге ұнамағаны белгілі.

Бұл ұсыныс өсіресе, бұрыннан елдегі ұлтшыл азаматтардың «ЕАЭС-ке мүше болу елдің егемендігін шектеді» деген ойларын Қ.Тоқаев мырза керемет жеткізді. Патшалық Ресейді айтпағанда, кешегі 70 жылдық Кеңестік дәуірде өзге ұлттық республикаларға үстем болып үйренген оларға мына ұсыныс түрпідей тиді.

Сонау бағзы заманнан биліктің «шексіздігіне» ұмтылу тарихтан белгілі. Енді олар қарап жатпас, өздерінің түрлі ұйымдары арқылы біраз нәрсеге барары сөзсіз.

Өмір күресі қалас.

«Қамданған бапыда қалмас» дегендей. Біз де осыған жан-жақты даяр болғанымыз жөн. Президентті қолдап, елдің тұтастығына жұмыс жасайық АҒАЙЫН!

Қажігіт СЫЗДЫҚ

«көрпені өзіне тарта» сөйлеуінің онша салмағы бола қойған жоқ.

Сонымен саммит қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен «2025 жылға дейінгі еуразиялық экономикалық интеграцияның стратегиялық даму бағыттары туралы» құжат негізінен мақұлданып, қабылданған жоқ. Одақтың Комиссияға Стратегияны пысықтау тапсырылды.

ЕАЭО көшбасшылары Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің келесі отырысын 2020 жылдың күзінде Минск қаласында өткізеді.

ЕАЭО тарихына келсек, Еуразиялық экономикалық одақ құру келісім-шартына 2014 жылы 29-мамырда Астанада қол қойылып, 2015 жылғы қаңтардан күшіне енді.

Сөйтіп, Қазақ Елі Кеңес Одағы отарынан ең соңғы болып шығып, Тәуелсіздіктің дәмін толық сезініп болмай жатып, тағы бір Одақтың құрсауына ең алғашқы болып қайта кіріп кетті...

«Қамыттан босап қалғанда,

Қай жаққа қарай жүрерсің» – деп, қауіп еткеннен айтқанымыздың ақыры осыған әкеп соқты...

Енді осы «экономиялық» деп құрылған Одақтың саяси сарыны да естіле бастады...

Қалай болғанда да Тоқаевтың тойтарысы «Еуразиялық одақтың» екпінін тежеп, есін жиғызды.

Ал батыр батық Лукашенконың еліндегі Одақ отырысы қалай болатынын уақыт көрсетеді.

Қазыбек ИСА,
ҚР Президенті жанындағы
Ұлттық Кеңес мүшесі





Мажилисмен Азат ПЕРУАШЕВ вновь оказался под обстрелом аблязовских СМИ. Поводом тому стал недавно принятый мажилисом законопроект о парламентской оппозиции. Издание «Kz media» через 5 лет снова опубликовало сканы той же его переписки с советником швейцарского отделения «Burson-Marsteller» Мари-Луизе Бауманн. Как утверждает издание, она «должна была помочь господину Перуашеву получить прямой доступ к швейцарским политикам, от которых тот хотел добиться содействия в экстрадиции Храпунова, критиковавшего Акорду из Женева». Чтобы узнать подробности, Caravan.kz обратился непосредственно к самому Азату Перуашеву.

— Почему проаблязовские СМИ именно сейчас решили вспомнить историю 5-летней давности и вновь опубликовать «кетобаевский» компромат?

— Бред сивой кобылы, простите за выражение. Эта история имела место лет 5 назад и была высосана из пальца. Желавшие могут прочитать мои ответы вашей газете в тот период. Попытки сделать из нее новую сенсацию напоминают осетрину второй свежести из известного романа.

Сегодня время уплотнилось, темы бурных обсуждений в обществе сменяются каждую неделю. Даже не касаясь событий прошлого года, возьмите год текущий: авиакатастрофа в Алматы, погромы в Кордайском районе, очередная девальвация тенге, введение ЧП и массовые заражения врачей, проволок с начислением 42 500 тенге, китайские публикации о «присоединении Казахстана», прорыв узбекской плотины и затопление Мактаарала...

На этом фоне размахивать домыслами 5-летней давности довольно нелепо. Для не особо сведущих в функциях парламента могут лишь добавлять, что «экстрадиция» кого бы то ни было не входит в полномочия депутата. Это работа совсем других органов.

Демпартия «Ак жол» одним из приоритетов считает пресечение вывоза из страны денег коррупционеров и их возврат народу Казахстана.

С этими целями мы регулярно встречаемся с коллегами из разных государств. Направили не один десяток запросов правоохранительным органам о казахстанских

Азат ПЕРУАШЕВ:

ЧТО ВАЖНЕЕ, ЧЕМ ЛИЧНЫЕ АМБИЦИИ И ОРЕОЛ ОППОЗИЦИИ?

средствах на Кипре, в «Панамском списке», так называемом «Райском досье», вложениях сотен миллионов пенсионных денег в обанкротившийся азербайджанский банк, о тайных счетах 82 казахстанцев в швейцарском банке, включая действующих чиновников. Только в текущем году мы в третий раз предложили делегации Европарламента создать совместную группу по претотворению отмывания коррупционных денег из Казахстана и по возврату их нашей стране, направили МИДУ предложение об участии в создании аналогичной рабочей группы при ООН.

В середине 2010-х в прессе появилась сенсация о том, что, покидая Казахстан, чета Храпуновых задекларировала средства в размере 5 млн долларов, а по приезде в Швейцарию на ее счетах оказалась сумма от 400 млн долларов.

Мы обратились к местным коллегам с просьбой прояснить ситуацию. Нас не интересуют экстрадиция этой семьи, они ничем не хуже и не лучше им подобных. Но украденные деньги должны быть возвращены в Казахстан, как и капиталы других мошенников.

Швейцарские депутаты пошли нам навстречу и направили ряд запросов генпрокурору своей страны. Но если в те годы нейтральный ответ всех устраивал, то сегодня в международной практике резко меняется отношение к таким нуворишам. Появилась формулировка — «богатство необъяснимого происхождения», которая как раз применима и в указанном случае, и в случаях с некорректными другими нашими соотечественниками. Возможно, этим и объясняются упреждающие атаки на нашу работу.

— По мнению проаблязовцев, ваша партия якобы «выполняет поручение Президента РК Касым-Жомарта ТОКАЕВА об институциональном закреплении статуса «парламентской оппозиции»...

— Скажу, что они молодцы, раз читают поручения Президен-

та. Партия «Ак жол» разработала законопроект «О парламентской оппозиции» в 2013 г., получила положительную экспертизу БДИПЧ ОБСЕ. Думаю, что Касым-Жомарт Токаев знал эту тему достаточно давно. Наверное, этим и объясняется созвучность нашей предварительной работы с его декабрьским поручением.

Мы актуализировали законопроект к нынешним реалиям, использовали рекомендации ОБСЕ и доклад Европейской комиссии к демократии через право «О роли оппозиции в демократических парламентах». Этот доклад гласит: «Правовые условия существования парламентской оппозиции являются эталоном для оценки демократической зрелости любой политической системы» (п. 23).

Правда, ради реализации идеи пришлось пойти на некоторые изъятия из нашего первичного проекта: отказаться от норм, затрагивавших Конституцию и расходы

та, предлагать тематику мероприятий или выступать есть у каждого депутата и сегодня. Но решения по всем этим вопросам принимает парламентское большинство.

Неслучайно у парламентского меньшинства сегодня нет ни одного комитета, нам не удалось назначить ни одного слушания, депутатам «Ак жола» неоднократно отключали микрофон, прекращая прения, а из 6 наших законопроектов ранее до мажилиса не дошел ни один.

Теперь в этом законе предусмотрено, что перечисленные права оппозиции не могут оспариваться даже большинством. Например, если один кандидат от оппозиции не прошел на должность председателя комитета, оппозиция выдвигнет других своих кандидатов, так как эта квота закреплена исключительно за ней. Если большинство проголосовало за прекращение прений — оппозиции в любом случае обязаны дать слово и т. д. Покажите, кому могут не нравиться

споры с улиц в стены парламента. И оппозицию тогда будут представлять не случайные фигуры, а те, кого реально избрал народ. Кто это будет — «Ак жол», не «Ак жол» — пусть решают избиратели.

— Тем не менее часть комментаторов предполагает, что этим законопроектом вы хотите закрепить за собой статус оппозиции...

— Время покажет. После принятия в мажилисе тех формулировок, о которых я сказал, «Ак жол» в нынешней ситуации сложно назвать оппозицией. Определение, что оппозиция, «как правило» (то есть в большинстве случаев), должна выступать с иной политикой, чем партия власти, ставит жесткие критерии. Да, мы регулярно спорим с правящей партией: буквально вчера большинством голосов комитет экономики заблокировал поправки «Ак жола» по закону о бизнес-климате.

Сегодня депутаты из нашей фракции на пленарном заседании

бюджета. Кроме того, правительство заблокировало предложения, касающиеся равно освещения в госинформзаказе деятельности парламентской оппозиции наравне с партией власти. Тем не менее мажилис поддержал главное: закрепление института парламентской оппозиции, за что мы признательны и руководству палаты, и фракции «Nur Otan», без поддержки которых такой результат был бы невозможен. До сих пор в правовом обороте Казахстана отсутствовало само понятие «оппозиция», потому и ведутся вечные споры, кто есть «настоящая» оппозиция. Между тем доклад Европейской комиссии считает, что: «Парламентская оппозиция состоит из тех политических партий, которые представлены в парламенте, но не входят в правительство» (п. 11).

Однако мажилис нашел такую формулировку расплывчатой.

Законопроект сконструирован так, чтобы партии в парламенте действительно оппонировали власти, предлагали альтернативные подходы и поднимали проблемы, реально волнующие общество.

Поэтому в определение парламентской оппозиции также включен тезис, что эти партии, как правило, выступают с иной позицией, чем партия власти.

Вместе с тем для оппозиции вводится ряд преференций: гарантии председательства в одном из комитетов мажилиса, должности секретарей в двух других; право на определение парламентских слушаний и правительственных часов (отчетов министерств) каждую сессию, право внесения альтернативного законопроекта к правительственному (с которым оппозиция принципиально не согласна); гарантированное право выступления на любых мероприятиях в парламенте, включая совместные заседания мажилиса и сената.

Нужно признать, что формальная возможность выдвигаться на должности, вносить законопроек-

такие полномочия? Только тем, кто сам не собирается работать в оппозиции.

Так что касательно исполнения поручения Токаева наши критики правы. Но вопрос в другом. Есть хорошее выражение, что сильные люди обсуждают идеи, а слабые — обсуждают сильных людей.

Закрепление статуса оппозиции — очень правильная и нужная идея, кто бы ее ни выдвигал.

А вот что обсуждать — закон или его инициаторов — каждый выбирает по себе.

— Некоторые политологи не исключают, что этот законопроект направлен только на поддержку «Ак жола» и КНПК, которые сегодня имеют свои фракции в парламенте. К остальным партиям этот закон не будет иметь никакого отношения, — считает политолог Максим АНДРЮШИН.

— Чтобы так заявлять, не нужно быть политологом или эпидемиологом, такие «заклужения» вам выдаст любой обыватель. Но еще лучше просто знать предмет обсуждения, а не пересказывать расхожие версии.

Простая деталь: если поддержит сенат, закон вступит в силу с 1 января 2021 года. То есть он заведомо предназначен не для нынешнего созыва, а для будущих партийных фракций. И я надеюсь, что со временем они смогут его усилить, используя создаваемый сегодня нами каркас. Возводя его, мы думаем о более открытом обществе, более сложном и полемичном парламенте.

В свободном обществе любая партия власти рано или поздно сменяется оппозицией.

Устойчивость демократического государства зиждется не на консервации, а на периодическом обновлении. Поэтому демократическая власть должна быть заинтересована в подготовленной, компетентной, государственно мыслящей оппозиции; а правящая партия — в том, чтобы перевести самые острые

мажилиса не поддержали кодекс о здоровье.

Но часто ли мы так голосуем? Таких случаев меньше половины, потому что спорные моменты в основном решаются на рабочем этапе, а публично, на пленарку выносятся только согласованные документы. Были примеры, когда на бюро нами высказывались возражения и спикер отправлял разработчиков договариваться с фракцией. Это очень эффективный подход, но потому сегодня «Ак жол» и не может считаться оппозицией, что умеет находить компромисс. Теперь, по нашему законопроекту, оппозиция должна быть бескомпромиссной.

И вперед партиям, по итогу выборов, придется официально определяться о переходе в парламентскую оппозицию. Хотя здесь многое будет зависеть не только от их программ, но и от тактики отношений с властью.

В идеале правительство должна формировать победившая партия, и к этому нужно стремиться. Но в действующей Конституции исполнительная власть не привязана к партийному раскладу в парламенте, и это также оставляет разные возможности.

Например, если кто-то из представителей парламентского меньшинства войдет в состав правительства или возглавит местные органы власти, то такая фракция тоже не сможет заявить себя оппозицией, и это предусмотрено в определении законопроекта. Конечно, это маловероятный сценарий, но мы видим, что нынешнее время открывает возможности для нестандартных политических и экономических решений. Оппозиция — сильный инструмент, но не ореол или самоцель. С государственной, да и человеческой точки зрения куда важнее добиваться результатов, развивать экономику и улучшать повседневную жизнь людей.

Дилярам АРКИН
(в сокращении)

БАРЛЫҚ ӨРКЕНИЕТТІ ЕЛДЕРДЕ КӘСІПКЕРЛЕРГЕ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ МЫРЗАҒА Ұ С Ы Н Ы С Х А Т

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Алдымен сізге, бұл Шымкенттегі көптеген шағын және орта бизнес өкілдерінің уәждері мен өтініштерінің жазылған хат екенін айтқым келеді. Тіпті, көтеріліп отырған мәселелер Қазақстандағы барлық кәсіпкерлер үшін өзекті әрі оларды алаңдатып отырған жағдай екені анық. Сондықтан бұны қазақстандық шағын және орта бизнес өкілдерінің жанайқайы, үні, көзқарасы деп түсініміз.

Қазақстанда COVID-19 вирусның пайда болуымен инфекциясының таралуы алдын алу және болдырмау шараларының дер кезінде жедел әрі тиімді қабылданды. Осының арқасында бүгінде елімізде коронавирусты жұқтырғандар санын айтарлықтай көп емес, 7 мыңнан сәл асады. Соңғы уақытта коронавирус инфекциясының таралуы саябырсыды. Бұл төтенше жағдайда жасалынған қатаң шараларыңыздың нәтижесі деп білеміз. Десек те, төтенше жағдай кезіндегі қатаң шектеулеріміздің шағын және орта бизнес үшін ауыр соққы болды әрі кәсіпкерлер үшін көптеген қиындықтар туғызды. Шағын және орта бизнес субъектілерінде жұмыс істейтін азаматтарға мемлекет тарапынан ең төменгі жалақы есебімен 42 500 теңге көмек ұсынылды. Өкініштісі, Сіздің нақты нұсқауларыңызға қарамастан, жұмыссыздарға берілетін бұл әлеуметтік көмектің берілуі кезінде түрлі келенсіздіктер орын алды. Нақты айтқанда, шағын және орта бизнес субъектілерінде жұмыс істейтін көптеген қызметкер бұл көмектен қағылып, құр алақан

қалып отыр. Тіпті, олар төтенше жағдайдың алғашқы айында-ақ барлық құжаттарын тапсырып, АЕК төлегеніне қарамастан, көмек ала алмады. Екінші айында да дәл осындай жағдай қайталанды.

Барлық өркениетті елдерде қандай жағдай болса да, кәсіпкерлерге үлкен көмек көрсетіледі. Еуропа елдерін айтпағанда, тіпті, Ресей Федерациясында да мемлекет тарапынан шағын және орта бизнес субъектілерінде жұмыс істейтін кәсіп иелері мен ондағы әр қызметкердің жалақысының 80 пайызына дейін көмек берілді. Жұмыс берушілер жұмысшылардың жалақысымен жұмыс орындарын сақтап қалу үшін мемлекеттен осылай қажетті қаржыны алып отыр. Бұл – шағын және орта бизнесті қолдаудың және жұмыссыздықтың өсуіне жол бермейтін тиімді тәсіл. Ал коммуналдық шығындар 100 пайыз мемлекет есебінен төленеді. Сондай-ақ, Қазақстанда кәсіпкерлерге жалақыны жабу үшін жылдық 8 пайызбен несие беру ұсынылып отырса, ал Ресейде осы мақсатта жылдық 0 пайызбен қаражат беріледі. Бұл әрекеттердің барлығы жұмыс орындарды сақтап қалу мақсатында пандемия кезінде жасалып отыр.

Сіз пандемияны соғыс деп атағаныңыз мәлім. Осы орайда, еліміздегі жол құрылысы саласында 225 мың азамат жұмыспен қамтылады деп отырсыз. Алайда, бұл шара жұмыссыздықты шеше алмайды. Себебі, бұл адамдардың күзде жұмыссыз қалатынын болжау қиын емес. Ал бұл соғыстағы жеңіліске әкеп соқпай ма?

Жалпы, жол құрылысы саласын жұмыспен қамту – уақытша шешім.

Бұлай мемлекет банкроттықтың алдында тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің мәселесін шеше алмайды. Үкімет пен кәсіпкерлер дәл қазір бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бірлесе отырып жұмыс істеу керек деп ойлаймыз. Бүкіл дамыған елдерде мемлекет азаматтардың тұрақты жұмыс орындарын сақтау үшін кәсіпкерлерді қолдауға тырысады. Бұл бағытта біздің елде де дұрыс жұмыс жасауға болады.

Мұнай бағасының құлдырап жатқан дәл қазіргі кезде ортайған қазынаны қажетті қаражатпен қамтамасыз етіп отыратын күш – шағын және орта бизнес. Төтенше жағдайдан зардап шеккендерге және әлеуметтік жағдайы төмен, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға да көмекке бірінші болып шағын және орта бизнес өкілдері жұмылады. Үнемі алғы шепте жүретін сол шағын және орта бизнес өкілдеріне дәл қазір қолдау көрсету – әділ әрі қисынды әрекет. Сондықтан, біз мемлекеттен келесі қолдауды сұрағымыз келеді:

Президенттің жарлығына сәйкес, 2020 жылдың шағын және орта бизнес өкілдерінің жылдық 6 пайызбен жеңілдетілген несие үшін 1 трлн. теңге бөлінді. Біз екінші деңгейлі банктермен кездесулер өткіздік, нәтижесінде бұл несие алуға өтініш берген кәсіп иелері өте аз екеніне көз жеткіздік. Сонымен қатар, несие тарихы жақсы кәсіпкерлер несие ала алады, ал несие алмаған, тарихы жоқ кәсіпкерлер несие алуға өтініш бере алмайды. Осыдан-ақ, бұл 1 трлн. теңгенің жыл соңына дейін кәсіпкерлерге толықтай берілмейтіндігін бәріміз жақсы түсініп отырмыз. Егер



бұл қаржының жартысы биылғы жылдың соңына дейін шағын және бизнестің ағымдағы несиелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін төлеуге жұмсалса, аталмыш қаражаттың игерілуі неғұрлым тиімді болар еді.

Карантиннің ұзақ уақыт созылуы бизнес өкілдерінің қажетті тоқырауы мүмкін. Дәл қазір карантин кезінде жұмыс баяу жүріп, қаржы тапшылығы сезіліп отыр. Кәсіпкерлер өз өнімдері мен қызметін жарнамалау үшін жарнамалық және маркетингтік агенттіктердің қызметтеріне жүгінуге мәжбүр болғанымен бизнестен түскен аз кіріспен оның шығынын өтеуге мүмкіндік жоқ. Сондықтан, кәсіпкерлердің жұмысы бұрынғы қалыпқа түсіп, өрлеу үшін айналымға қаржы салу қажеті туындап отыр. Егер мемлекет осы жарнама шығындарын суб-

сидияласа, онда бұл шағын және орта бизнестің тез қалпына келуіне көмектеседі. Бұл жағдайда барлық аймақтардағы жұмыс орындарына, бюджет кірістеріне қан жүріп, қоғам бұрынғы ырғағына қайта түсуіне оң әсер етер еді.

Жыл соңына дейін шағын және орта бизнес субъектілерінің коммуналдық шығындарының 50 пайызын субсидиялауды сұраймыз.

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Рас, қазір бәріне қиын кезең. Осындай қиын сәтте мемлекетке де, қарапайым азаматтарға да көмектесетін негізгі топ – шағын және орта бизнес. Біз сізге өз ұсынысымызды, өз уәжімізді жеткізе алдық деген үміттеміз.

**Құрметпен:
Әлімхан ӘБЖАНОВ,
жеке кәсіпкер,
Ішкі істер органы ардагері**

■ ÖNDİRIS

ӨНІМ САПАСЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Алматы қаласының Жетісу ауданында алып шаһардың өнеркәсіптік өндірісі көлемінің төрттен бір бөлігін қамтамасыз ететін кәсіпорындар шоғырланған. Қала басшысы Бақытжан Сағынтаев ауданның кәсіпорындарын аралап, оның әлеуетіне өз бағасын берді.

Қала басшысы қағаздан гигиеналық өнім өндіретін «Parigone» жана зауытын, «Free style» жиһаз өндіретін цехты, сондай-ақ «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы аясында іске асырылған, неміс технологиясымен құйма тас шығаратын және асфальт өндіретін «Алматы жол-құрылыс компаниясы» ЖШС зауытына болды. Мәселен, осы жылдың басында пайдалануға берілген «Parigone» ЖШС заманауи зауыты қағаздан 1 800 тонна гигиеналық өнім өндіретін болады. Қолданылатын технологиялар мен өндірісті автоматтандырудың арқасында өнім әлемдік сапа стандарттарына сәйкес келеді. Қай салада болмасын бәсекелестік өршіп тұрған кезде өнім сапасы бүгінгі күні ең өзекті мәселеге айналды. Өйткені, теуарды өткізу шарттары осыны талап етеді. Жоба аясында 113 жұмыс орны ашылды. Бақытжан Сағынтаев «Freestyle» ЖШС жиһаз өндіру зауытында «қарапайым заттар экономикасы» салаларының даму-



ымен танысты. 150 адам жұмыс істейтін зауыт жыл сайын 537 млн. теңгенің өнімін шығарады. Өндірісте экологиялық таза және қауіпсіз материалдар қолданылады. Жұмыс сапары барысындағы келесі нысан – «Алматы жол-құрылыс компаниясы» ЖШС неміс технологиясы бойынша асфальт және құйма тас шығаратын зауыт болды. Бұл асфальтбетонды қоспалар, жол және қабырға блоктары өндірісі былтыр «Бизнестің жол картасы» қатысушыларына көрсетілетін қолдау шаралары аясында іске қосылған. Кәсіпорын жоғары са-

палы бәсекеге қабілетті өнім шығаруға мүмкіндік беретін озық технологиялармен жабдықталған.

«– Бүгін Жетісу ауданының индустриялық әлеуетімен таныстым. Мұнда қаланың өнеркәсіптік өндіріс көлемінің төрттен бір бөлігін қамтамасыз ететін негізгі кәсіпорындар бар. Жылдың басында қағаздан гигиеналық өнім шығаратын «Parigone» ЖШС зауыты ашылды. Бұл өнімдердің сапасы өндірісте қолданылатын технологиялар мен автоматтандырудың арқасында шетелдік аналогтардан еш кем емес. Кәсіпкерлер

жобаға 4,4 млрд. теңге инвестиция салып, 113 жұмыс орнын ашты. Бюджетке 150 млн. теңге салық аударымдарын төледі. Жиһаз шығарумен айналысатын «Free style» кәсіпорны 20 жылдың ішінде бүтіндей жиһаз кластерін ұйымдастыра білді. Мұнда 150 адам еңбек етеді. Өткен жылы «Бизнестің жол картасы» бағдарламасының қаржылай қолдау көрсетуі арқасында тағы бір жоба өмірге келді. Бұл асфальт-бетон қоспаларын, жол мен қабырға блоктарын өндірумен айналысатын «АДСК» зауыты», – деді Бақытжан Сағынтаев Instagram-дағы жеке парақшасында. Шаһар басшысы алматылық өндірушілерді қолдаудың маңыздылығын атап өтті. Жергілікті өнімді пайдалану сапаны бақылауға және тасымалдау шығындарын импортқа тәуелділікті азайтады. Қазір жергілікті өнімдерді пайдалану арқылы қала көшелеріндегі көлік және жаяу жүргіншілер жолдарын жөндеу, саябақ аймақтарын абаттандыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бір ғана Жетісу ауданында биыл 20 мың ағаш отырғызылады деп жоспарланған. Бұл қаланың көркейіп түсуіне және экологиялық жағынан газаруына үлкен септігін тигізеді.

«Қазақ үні»

Әлемді әбігерге салып, күллі дүниені осынша дүрліктірген дерт – «Тәңірдің реттеуі» ме? Коронавирус – рухани кеселдің салдары болса, біздің өзгеруімізге оның әсері қандай? Кванттық өткелге кімдер ілесе алады?

Басшылардың «қызмет аурасында» немесе «кабинетте қамалып қалуы» нені білдіреді? Ненің қадірін білдік? Сонымен, коронавирус бізге не дейді?

Осы және өзге де өзекті сауалдарға жауап алу үшін әр адамның рухани қабілетін дамытуға үлес қосып жүрген педагогика ғылымдарының докторы, профессор Раушангүл Омаровамен сұхбаттасқан едік.

– Раушангүл Сәрсенқызы, біз қалайық-қаламайық, әлемде естелі өзгеріс болып жатыр. Мұнда есті адамдар үшін гибрид бар. Әрбір туындысы философиялық ойларға бай Стивен Кинг өзгерістің лебін сезген адам желден ықтайтын қалқан емес, жел диірменін тұрғызуы тиіс деп санайды. Сіз қалай ойлайсыз, коронавируспен келген өзгеріс нені өзгерте алады һәм кімдерді өзгертеді?

– Әлемде болып жатқан жағдайлар, оның ішінде қазіргі коронавирустың адамзат бала-

адамның ой-сана дамуының келесі бір деңгейге өту қажеттігін көрсетіп берді. Ендігі жерде адам бұрынғыша ойлауға қабілетінде немесе қалыптасқан өмір сүру салтында қала алмайды. Рухани кеңістіктің жаңа деңгейі адамнан жаңаша ойлауды, соған сәйкес жаңа әрекеттерді талап етеді. Қарапайым сөзбен айтқанда, адам өзіне қабылдаған құндылықтарымен өмір сүремін десе де, өмірлік жағдайлар оның «ішкі» өзгерісін талап етеді. Аталған «реттелу үдерісінен» өзін дамыту-



КОРОНАВИРУС

АДАМЗАТҚА НЕНІ ТҮСІНДІРДІ?

сына үрей туғызғаны белгілі. «Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды» дегендей, бұл аурудың кейбіреулер «індет» деп те атап жүр, өзіндік рухани себебі де жоқ емес. Бұл өмірдегі, яғни материалдық өмірдегі барлық өзгерістер, рухани әлеммен тікелей байланысты екені сөзсіз. Әлемдік деңгейде болып отырған коронавирус оқиғасының жауабы адамзат баласының ішкі рухани әлеуетіне тікелей байланысты. Бұл үдеріс адам санасының материалдық құндылықтармен шектеліп, өзінің Тәңірлік болмысы мен ішкі ой-қуаттық әлеуетінен, танымдық тағылымдық құндылықтарының құлдырауы нәтижесін көрсетті.

Коронавирус оқиғасының соңы әрбір адамның санасына түрткі салып, оның рухани бағдарламасының бар екенін көрсетіп береді. Кім өзінің өмірлік әрекетіне саналы түрде сараптама жасап, рухани білімге ұмтылатын болса, бұл тығырықтан тез шығатыны ақиқат. Бұл Тәңірлік емес, бұл – Тәңірлік реттеу деп түсінемін. Себебі, қасиетті Құран Кәрімде сендерге жаман болып көрінетін нәрсенің артында жақсылық тұрады делінген. Бұдан әрі біз бұрынғыша өмір сүре алмаймыз. Рухани серпіліс кезеңі келді!

– Біз өмір сүріп жатқан қазіргі кезеңді Сананың үшөлшемді кеңістігі (трехмерное сознание) шегінен шығып, одан биік рухани ой кеңістігіне өтер сәті деп айтуға бола ма? Өзімізді құтқару үшін рухани есейіп, «жанның» деңгейінен «рухтың» деңгейіне қайтіп жете аламыз? Тіпті, ол мүмкін бе өзі?

– Рухани әлем мен біз ой қуаты арқылы байланысамыз. Ой әлемінің де өзіндік өлшемдері бар. Зерттеушілердің айтып отырған үшдеңгейлі сана ұғымы: осы материалдық әлемдегі ішіп-жеу, байлық, билік және нәпсілік қалаулармен ғана өмір сүретін адамның саналық дәрежесін айтады. Алла бұл өмірді өлшеммен және белгілі бір себеппен жаратты. Қазіргі коронавирус жағдайы

мен айналысып жүрген адамдар еркін шығады, ал дайындықсыз адамдарға күрделі кезең болып, дағдарыстан шығудың жолын іздеуге тура келеді.

– Ғалымдар мен физиктер не дейді? «Кванттық өткелден» тек ниеті таза адамдар ғана өте ме? Бұл дағдарыстан ақыл иелері қалай аман-есен шыға алады? Ой-рісін дамытпаған жандар үшөлшемді санада қалып қоя ма?

– Иә, рухани әлемді зерттеген физик-ғалымдардың енгізген «кванттық өткел» ұғымын зерделеуге болады. Бұл ұғым рухани әлемдегі маңызды шарт. Адам өзінің осы уақытқа дейін жинаған рухани ілімі мен «ішкі тазалық», яғни адамгершілік пен психологиялық дұрыс бағытымен, қарапайым тілде, ниетінің тазалығы және жасаған адамгершілік істері арқылы өтеді. Рухани өткелдегі маңызды талап: ой, ниет тазалығы мен адамгершілік, әлемге деген махаббат өлшемі арқылы сарапталды. Өзінің ой-өрісін дамытуға мән бермей, тек ішіп-жеу тұрғысында жүрген адамдарға күрделі уақыт жалғаса береді. Одан адам тек өзін дамытуға деген ниеті мен соған сай әрекеті арқылы шығады.

– Төрт қабырғаға қамалып, карантинде отырған халық таза ауаның қадірін біле бастады.

Ішкі тазалық – адам рухын көтереді, яғни энергетикалық потенциалын арттырып, тәндік иммунитетін арттырады. Вирус тәнге түссе де, адам денесінде «антидене»(антитела) пайда болып, вирусты жеңеді. Ал рухани иммунитеті төмен болғандарға, дәрілік препараттар көмекке келеді, бірақ оның сауығуына дәрі толық кепіл бола алмайды. Себебі, санада тұрақтап қалған қорқыныш дәрінің әсерін төмендетеді. Сондықтан, адамды санасындағы қорқыныш шынжырынан шығаруда Құран аяттарының энергетикалық вибрациясының керемет әсері бар! Мұны эксперименттерім арқылы көз жеткіздім, сан рет нәтижесін тамашаладым.

– Сіз рухани еңбектерді аса мұқияттылықпен зерттеп, сараптап, талдау жасап жүрген ғалымдардың бірісіз. Жалпы, өзгерістің болып тұратыны туралы адамзат баласына нұр шашқан қасиетті Құранда да айтылғаны хақ. Ол жөнінде қандай пікір білдіредіңіз?

– Адамзат баласының қандай кезеңдерден өтетіні туралы қасиетті Құран Кәрімде баяндалған. «Құдайсыз қурай да сынбайды» дейді халқымыз. Ұлы Реттеуші – Алла, оның назарынан ешнәрсе тыс қалмайды. Бұл өмірде біздің қолданып

үшөлшемді санада қалып қойып, ал халықтың сананың төртөлшемді кеңістігіне өту мүмкіндігі жоғары деліңіз бір сөзіңізде. Жалпы, физиктер айтса алады?

– Халық арасында рухани ізденіп, жан-жүрегі тазартып, өмірін гармонияға (тептендікке) келтіріп жүрген және айналасына мейірім шуағын шашып жүрген адамдарды көптеп кездестіруге болады. Ал басшылардың басым көпшілігінің тек қана «қызмет аурасында» немесе «кабинетте қамалып қалуы» өкінішті-ақ. Жұмыс көп деп сылтауратып, кітап оқымайтын басшылар көбейіп кетті. Адам кітаптан ажыраған кезде, рухани әлемнен алыстап, өмірі қиындықтарға тола бөреді. Өз өмірі рухани қиындықтарға толы адам, қоғамға пайда әкеледі деу қиын. Мұндай адамдарда түрлі ауру, оның ішінде жүрек-қан тамырлары ауруы мен бас-жүйке аурулары, асқазан ауруы кен тараған. Тіпті, ауырмайын десе де, жаны тыныш емес, ішкі күйзелісте жүреді. Осындай рухани кеселдің әсерінен қоғамға пайдасын емес, зиянын тигізеді.

Қазіргі кезеңде интернетпен өмір сүретін адамдар да бар. Интернет – ақпараттық ресурс, интернет кеңістігінде шынайы да, жалған ақпараттар қатар жүреді. Сондықтан түрлі ақпараттардың алмасуы адамның ой әлемін әлсіретіп, шатастырып, еске сақтау қабілетін де төмендетіп, тұрақсыздық, шыдамсыздық, ашушандық пайда болуына әсер етеді. Интернетті пайдаланудың да өзінің нағыз ретін, өлшемін сақтау маңызды.

Ал кітапта бір идея жан-жақты талданып, тиянақты түсіндіріледі. Сондықтан кітап оқушылардың мінезінде де, іс-әрекетінде тұрақтылық пен тиянақтылық, саналық талдау пайда болады және еске сақтау қабілеті де арта түседі. Себебі әр кітаптың библиографиялық қасиеті, өзіндік энергетикалық ауасы болады.

Басшылар – елдің тірегі. Егер тірегіміздің рухани деңгейі төмен болса, ел қалай оларды тірек етеді? Бәйтеректей мықты рухани тірек болса, халық аз ғана желден шайқалмай ма?

Өткелден рухани санасы ашық, өзін дамытуға ұмтылғандар және өзінің табиғатын тепе-теңдікте ұстауға тырысқандар еркін өтері сөзсіз.

– Ауру туғызатын вирустар басқа энергетикалық вирустар бар Олай болса, ой әлемін қалай тазартуға сыры неде? «Ойдағы қоқыстарды» қалай тазарта аламыз?

– Өзекті сұрақ. Адам – энергетикалық-ақпараттық жүйе. Энергетикалық-ақпараттық вирус – адамнан адамға жұғады. Мысалы: жаман сөздер, ғайбат айту, өсек-жала анықталмаған негізсіз талас-тартыс адамның өзін ғана емес, басқа адамдардың санасы мен өмірін улайды. Ой қоқыстарын тазарту әдістері көп. Бұл туралы менің 2016 жылы жазған «Адамның психикалық энергиясының құпия мүмкіндіктері» деген кітабым бар. Сонда өз тәжірибеінен өткізген әдістерді жазған болатынмын: «Кешірім әдісі» және «Оқиғадан тазарту» әдісі. Бұлар ең жеңіл, қарапайым және нәтижесі жоғары әдістер екенін көп адамдар арқылы дәлелденді. Адам өз өмірін өзгерткісі келсе – ойын өзгертсін. Осы әдістер арқылы көп оқырманнан алғыс алдым, Аллаға шүкір.

– Өзіңізге мәлім, кәдуілгі шыбынға қатысты бір шындық бар. Бұхаридің жеткізген хадисінде Алла елшісі (с.а.у.): «Кей адамның суы немесе тамағына шыбын түссе, батырып жіберіп, қайта алып тастасын. Өйткені қанаттарының бірінде ауру, енді бірінде шипа бар» деген екен. Яғни, шыбын алғашқы қанатымен жұқтырған микробты екінші қанатымен дезинфекциялайды. Мұның ғылыми ақиқат екені дәлелденген. Қалай ояқсыз, кенеттен келген вирустық індетке шипа болатын ем бар ма?

– Ауруды жаратқан да – Алла, емін беретін де – Алла. Рухани әлем мен материалдық әлемді таң ұстаған кезде! Ол адамның екі қанаты іспетті. Кез-келген аурудың шипасы бар. Тек қана тәндік тұрғыдан қарамай, рухани және психологиялық физиологиялық тұрғыда емдеу жүргізу – нақты сауығуды қамтамасыз етеді. Оның толық сауығып, қайталап ауырмауына кепіл бола алмайды. Адам – күрделі жүйе, бір дәрімен немесе бір әдіспен ағзаны қалпына келтірдім деу қиын. Бұл жерде кешенді әдіс қана өз нәтижесін берері сөзсіз. Уақыт келеді, бұл мәселені де халқымыз толық меңгеріп кетеді деп үміттенемін. Жақсылық алда! Құран Кәрімде: «Аллаға кім жүзін бұрып, шын беріліп жақсылық істесе, оған Раббыңнан жақсы сый бар және ешқандай қорқыныш, қайғы-қасірет жоқ», – деп Бақара сүресінде 112-аятында бізге үлес берді. Ниетімізді түзетіп, жақсылық жасап, жүрегімізді Жаратушымызға бұрып, махаббатпен өмір сүрсек бәрі жақсы болады!

Сұхбаттасқан
Роза ЫСҚАҚ

(Сұхбаттың толық нұсқасын «Қазақ үні» сайтынан оқи аласыздар)



Ислам діні – адамзатқа берілген ең әділ, ең тура, бұлжымас берік бағыт екені белгілі. Оны өмірлік тәжірибе толықтай дәлелдеп берді де. Тіпті өзге діндегі белгілі, білікті өкілдерінің өзі Ислам дінін жоғары бағалап мойындағанын жақсы білеміз. Біздің дініміз конфессияаралық қатынастарды нығайту мен мемлекеттің зайырлы тұрақтылығын дамытуға зор үлес қосып келеді, оны біз күнделікті тұрмысымыздан көріп жүрміз.

Жер жанаты – Жетісу өңірі халқы ең тығыз орналасқан аймақтардың бірі болып есептеледі. Өңір еңбеккерлерінің еліміздің экономикасына қосар үлесі де мол. Алматы облысын мекендеген жүзден аса ұлт өкілдерінен тұратын 2 миллионнан аса тұрғындардың 75 пайызы қазақтар. Әр ұлттың өз тілі, ұстанған өз діні, қалыптасқан мәдениеті мен салт-дәстүрлері болары заңдылық. Қазіргі таңда елімізде 18 діни конфессия тіркелген екен, Алматы облысында соның он екісі жұмыс істейді. Аймақ көлемінде барлығы алты жүз елуден аса діни мекемелер мен бірлестіктер бар. Оның бес жүзге жуығы ҚМДБ қарауындағы ислам мешіттері, елуден аса православиелік ДПШ, он шақты Рим католиктік, жүзге жуық протестанттық, он Ехоба куәгерлері, Бахай қауымдастығы мен Кришна санасы қоғамынан біреуден «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының талаптарына сәйкес өз жұмыстарын жүргізіп жатыр.

роризм идеологиясының өршуін ескере отырып, қоғам мен мемлекет қауіпсіздігі үшін діни экстремизм мен терроризмге қарсы тұрудың қазіргі мемлекеттік жүйесін жетілдіру турасында пікір алмасып, тұшымды ойлармен бөлісетін тұрақты топтардың да ықпалы зор.

Жасыратыны жоқ, бүкіл әлемдегі сияқты біздің елімізде де заңсыз діни қызметпен, ешқандай ресми тіркеуден өтпей миссионерлікпен айналысушылар кездеседі. Айталық аталмыш облыста заңды түрде тіркелген 29 миссионерлер жұмыс атқаруда. Оның 19-ы католицизмді, 4-і протестантизмді 3-і исламды ұстанса, 3 дәстүрлі емес діни бірлестік өкілдері. Аталған миссионерлер төмендегі мемлекеттің

тында тұрақты түрде халық тығыз орналасқан сауда орталықтарында, базарларда діни рәсімдерді атқару үшін арнайы белгіленген орындардың болуы, діни әдебиеттерді арнайы белгіленген орындарда ғана таратуға рұқсат екендігі жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, ескерту парақшалар таратылып тұрады. Бұл өз нәтижесін беріп те келеді.

Теріс діни ағым ұстанушылардың санын азайту бойынша облыста атқарылып жатқан мына бір әдіс те көңіл аударуға тұрарлық. Арнайы жасақталған Реаомобиль көлігі облыстың шалғай нүктелері мен ауылдық округтеріне шұғыл шығуға мүмкіндік беретін көрінеді. Ол ақпараттық-түсіндіру,

деструктивті ағым ұстанушыларын оналту орталығының» да жұмысы жетерлік. Олардың қызметіне оналту жұмыстарын жүргізу, радиалу және деструктивтік діни ағымдарға ұшыраған адамдарды психологиялық түзету мен әлеуметтік бейімдеумен, қылмыстық жазаны өтеу департаментінің мекемелерінде экстремистік және террористік қылмыстар үшін жазасын өтеп жатқан және өтеп шыққан адамдармен қайта әлеуметтендірумен діни себептер бойынша вакцинациядан, қан құюдан, білім беру мекемелерінде бірыңғай форманы сақтаудан бас тартқан азаматтармен жұмыстар жүргізіледі. Қарап отырсаңыз бір ғана діни саланың өзінде күнделікті қаншама күрделі мәселелер шешіліп жатады, оған қаншама күш-қуат, қаншама уақыт керек.

Адамзат қашанда өз ұрпағын өмірінің жалғасы, болашағы деп білген. Біздің бүгінгі ұлтымыздың, жалпы қазақ елінің де болашағы сол жастардың еншісінде болмақ. Бұл табиғи заңдылық. Ал оны қазірден дұрыс қалыптастыру, жастарға ұлағатты тәрбие беру бүгінгі біздердің парызымыз. Олардың басқа діни ағымдарға еріп кетпей дұрыс бағыт ұстанып жүруі де көп жағдайда өзімізге байланысты. Өзге де оқу, білім берумен қатар діни сауаттылық та ауадай қажет. Осы орайда діни білім беретін мекемелердің рөлі ерекше дер едік. Бүгінгі күні облыс аумағында діни бағытта білім беретін, дін мамандарын даярлайтын 1 оқу орны бар екен. Ол – Қарасай ауданы, Үшқоңыр ауылында орналасқан «Үш Қоңыр» медресе-колледжі. Аталған оқу орны мемлекеттік стандарттарға сай білім беру жүйесімен шәкірттер тәрбиелеуде. Осы медресе-колледжін тәмамдаған шәкірттер өз білімдерін одан әрі жетілдіру мақсатында еліміздегі «Нұр Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетіне және шет елдің теологиялық білім беретін оқу орындарында оқып жатқандар да бар. Бұл дін мамандарының, діни сауатты азаматтардың қатарын толықтыруға жасалып жатқан игі жемістер деуге болады. Олар өз кезегінде қатардағы қарапайым халықтың діни сауатын ашатын, ертеңгі күні түрлі ағымдарға ілесіп адаспайтындай дұрыс ұстаным қалыптастыратын мамандар болады деген сенім бар.

Біздің дініміздің тәрбиелік мәні де зор. Ол өзіміздің тәрбиелік балаға мұра болып жеткен ұлттық қағидалармен ұштастырылып жүргізілсе құба-құп. Әрине, білім, тәрбиеге бағытталған мемлекеттік бағдарламалар назардан тыс қалмауы керек. Мысалы халық мүддесіне бағытталған «Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалары ұлттық рухани құндылықтарымызды жаңғыртып, деструктивті діни ағымдарға қарсы күресу, туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерді арттыру мақсатында түрлі жобаларды іске асыруға мүмкіндік берді. Сондай ірі жобалардың бірі «Рухани керуен» жобасы, ол бабаларымыздың адамгершілік асыл мұраттарға негізделген дәстүр-салтын қайта түлетуді мақсат етеді. Айта берсек облыстық Діндер басқармасы атқарып жатқан жұмыстар аз емес. Алдағы уақытта да осы қарқынды сақтап қалуды жоспарлап отыр. Адамдардың санасын нұрландыруға бағытталған игі істерін Құдай қолдасын демекпіз.

Бек МЫРЗАҰЛЫ

ИСЛАМ ДІНІ – ҚОҒАМДАҒЫ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТІРЕГІ

Халықтың діни сауаттылығын арттыру бойынша Рахмет Есдәулетов басшылық ететін басқарма тарапынан жыл сайын бірнеше жүздеген іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп тұрады, оған қазір дінімізге бет бұрған мыңдаған адамдар белсене қатысады. Армасты облысы Дін істері басқармасы жұмысының басым бағыттары негізінен «Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясат Тұжырымдамасының 2017-2020 жылға арналған ережелерін», «Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны» насихаттап, оны нақты іске асыруды көздейді. Аймақта халық санының өсуімен қатар діни бірлестіктер де көбейіп келеді. Әралуан діни ұстанымдар мен түрлі көзқарастарға қарамастан аймақта конфессияаралық және жалпы қоғамдағы тұрақтылық жақсы сақталған. Оны нығайтуға Дін басқармасы да өз септігін тигізуде. Әрине ол алдымен Қазақстан халқының ізгілік пен бейбітшілік құндылықтарын ұстануы, конфессиялар мен этностардың оң диалогтары, дін саласындағы мемлекеттік саясатының нәтижесі екенін атап өткеніміз жөн.

Аймақта мемлекеттік саясатты іске асыру негізінен екі бағыт бойынша іске асырылуда. Біріншіден, облыстағы діни ахуалға сапалы талдау, зерделеу, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру болып табылады. Екіншіден, деструктивті идеологияға қарсы иммунитет қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар кешенін жүргізу. Бұл жерде теріс ағымдарды ұстанушы азаматтардың әрқайсысымен оналту, тәрбиелік-түсіндіру жұмыстарын өткізу маңызды, деструктивті діни идеялардың таралуына төтеп бере алмайтын халықтың нысаналы топтары арасында алдыналу жұмыстарын жүргізілуі тиімді. Сол себепті облыстағы қала, аудан әкімдері жанынан бекітілген төрт жүзге тарта белсенді мамандар түсіндіру, діни сауаттылықты менгеру сабақтарын өткізеді. Оған қоса облыста дәстүрлі діни бірлестік жетекшілерінің Клуб отырысы көптеген мәселені бірлесіп шешуге мүмкіндік береді.

Қашанда күрделі болып саналатын діни саланы жүйелі түрде талдау, болжау, туындаған мәселелерге шұғыл әрекет ету және стратегиялық жоспар құру мақсатында зерттеудің жана әдістері қажет екені белгілі. Өйткені бүгінгі тез дамыған қоғам сияқты діни ұстаным мен көзқарастар да елеулі өзгерістерге ұшырап тұратыны заңдылық. Оны әлемдік тәжірибе де көрсетіп отыр. Бұл бағытта осы аймақтағы қолданыстағы «Kazdream Media» жүйелі-мониторингтік бағдарламасының көмегі арқылы интернет-кеңістігінде жалған діни идеяларды таратушылар мен ұстанушыларды және қатерлі аймақтарды анықтауға, қарсы шара қолдануға жасалып жатқан жұмыстарды айрықша атауға болады. Мониторингтік бағдарлама арқылы зерттеу жүргізу нәтижесінде өткен жылдары облыс аумағында дәстүрден тыс діни идеологияға қызығушылық танып жүрген 45 мыңнан аса ғаламтор қолданушылары анықталып, ID мекенжайлары мен тізімі облыстық полиция департаментіне, аудан, қала әкімдіктеріне анықтау әрі ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін жолданған. Сол сияқты екі мың бес жүзге тарта дінді насихаттау көздері зерттеліп, олардың көбісіне Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға шектеу қойылып, бұғаттау шешімі қабылданды. Әрине мұның бәрі тұрақты және қатан қадағалауды талап етеді, өйткені ғаламтор қолданушылар саны жыл сайын қарыштап өсіп келеді. Сондықтан зайырлы ұстанымды халыққа түсіндіру аса маңызды іс болып табылады. Түрлі сенім мен діндерді ұстанушылар арасында конфессияаралық және дінаралық диалог пен келісімді сақтау және нығайту мақсатында жыл сайын дәстүрлі түрде «Зайырлы қоғам: дін мен дәстүр ұштастығы» облыстық дінтанушылар және діни бірлестіктер жетекшілерінің форумы, Клуб отырыстары, кездесулер мен ашық алаңдар өткізіліп келеді. Оның сыртында жыл сайын ауылдық округ әкімдері, учаскелік полициялар мен «Зайырлық және дінтану негіздері» пән мұғалімдеріне арналған аймақтық оқыту курстары ұйымдастырылуда. Өңірдегі діни ахуалды зерделеу мақсатында тер-



өкілдері болып табылады. Оңтүстік Корея, Литва, Польша, Италия, Түркиядан, АҚШ, Ресей Федерация елдерінен, оның ішінде өзіміздің қазақстандықтар да бар. Шетел азаматтарының миссионерлік қызметті жүзеге асыруы Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы бойынша басқарма тарапынан қатан бақылауда ұсталады. Миссионерлік қызметті жүзеге асырушы кез келген азамат Басқармаға арнайы құжаттарды өткізіп, тиісті сертификат алуға міндетті. Бір жақсысы облыстағы миссионерлер тарапынан бүгінгі күнге дейін ҚР заңнамасын бұзу фактілері тіркелмеген екен. Ал тіркелген жағдайда заң талаптарына сәйкес шұғыл шаралар қолданылады.

Жүргізілген мониторинг жұмыстары облыс аумағындағы діни бірлестіктер тарапынан орын алған біздің заңдарымызға қайшы әрекеттерінің көпшілігі діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де материалдарды, діни мақсаттағы заттарды әкелуге, әзірлеуге, шығаруға, басып шығаруға және таратуға қатысты құқық бұзушылықтар болып келетінін көрсетті. Оны болдырмау мақсатында дін істері басқармасының құрылымдық бөлімшесі «Дін саласындағы мәселерді зерттеу орталығы» қызметкерлері «Open Air» форма-


оналту және психокоррекциялық жұмыстарды жүргізу үшін арнайы мультимедиялық құралдармен, жұмыс үстелімен, тарату сөрелерімен жабдықталған көлік. Оның діни мәселелерге қатысты облыс аумағында болған барлық оқиғаларға жедел әрекет ету мүмкіндігі бар. Сонымен қатар облыстың барлық шалғай нүктелеріне, тіпті шекара манындағы елді мекендерге шұғыл жету, діни экстремизм құрбандарымен және деструктивті діни ағымдардан зардап шеккен адамдармен мәжбүрсіз жеке оналту әңгімелерін өткізу артықшылықтарына ие.

Әділін айту керек, аймақтағы «Дін саласындағы мәселерді зерттеу» және «Діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларын оналту» орталықтары үлкен қызмет көрсетіп келеді. «Дін саласындағы мәселерді зерттеу орталығының» қызметіне елдегі дін саласына қатысты мемлекеттік саясатты халық арасында насихаттау, адамдардың толеранттық санасын қалыптастыру, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықты деструктивтік діни ағымдардың ықпалынан сақтандыру, дін саласына қатысты әлеуметтік зерттеулер, ғылыми-талдау жұмыстарын ұйымдастыру сияқты ауқымды шараларды атқарады. Сол сияқты «Діни экстремизм құрбандары мен

Бұрынғы Кеңес мемлекеті құрамында болған елдердің сол тұстағы мектеп есігін ашқан ұрпақтарын былай қойғанда, әлем халқының бүгінгі таңдағы барша зиялылары арасында да Шыңғыс хан есімі мен «Алтын Орда» мемлекеті туралы азды-көпті мәлімет естімегені жоқ болса керек-ті. Әсіресе, соңғы екі мың жылдықтың ең ұлы адамы ретінде Шыңғыс хан есімі аталғаннан бертінгі жерде естияр жұрт түгел елеңдегені анық. Әлемдік тарихта өшпес із қалдырған ұлы реформатор жаугершінің өмірі мен тегі жөніндегі әңгіме содан бері толастар емес. Әрине, одан қазақ зиялылары да тыс қалған жоқ. Өйткені қазақ халқының жеті жүз жылға жуық әлеуметтік тарихы мен мемлекеттілігін (шамамен 1206-1845 жж.) Шыңғыс хан мен оның ұрпағынсыз елестету мүмкін емес.

Көзі қарақты қазақ зиялылары байқап жүрген болар, соңғы кездері Ресей телеарналары мен интернет тораптары «Алтын орданың» 750 жылдығын кең көлемде атап өту жөніндегі шараларды бастап кетті. Біздің елде де осы оқиғаға міндетті түрде үн қосатынымыз түсінікті. Өйткені, «Алтын орда» мемлекетінің шын мәніндегі мұрагері қазақ елі екені – әлем мойындаған ақиқат. Оның бүгінгі моңғол аталатын халыққа еш қатысы жоқ деуге әбден болады. Неліктен дейсіз ғой. Оған қағаз бетіне түскен көне нақты деректермен жауап беріп көрейік.

Кеңестік дәуірдегі орыс ғалымдары қалыптастырған тарихи түсінік бойынша, Шыңғыс ханның атамекені Моңғол халық республикасы аумағы (МХР) деп есептеледі, бірақ ешқандай түпнұсқа тарихи құжатта мұндай дерек жоқ. Шыңғысхан әулетінің ең негізгі көне жылнамасы саналатын «Жәмиғ ат-тауарихта» олардың ата-бабалары Сайрам, Талас, Ұлытау, Борсық, Қарақұм (Арал теңізі маңы) өлкелерінде өмір сүргені анық көрсетілген («Жәмиғ ат-тауарих», 1-дәптер, 1-кітап, 1-тармау). Бұлардың барлығы қазіргі Қазақстан территориясындағы жерле. Кейінгі дәуірде, Шыңғыс ханның алтыншы атасы Қайдау (Қайду) хан заманында, олар Моңғолстан деген өлкеге қоныстанады. Ол Өнен (Өнән), Орған (Orgān) деген екі өңірге бөлінетін («Жәмиғ ат-тауарих»), Пано Карпини). Ол өңірде Алатақ (Алатау), Алашқ (Алакөл), Қашкетелі (Балқаш), Құлжа, Нарат, Шаты, Ілеті, Алмалық, Бұрқан (Бұрхан), Түрген, Жәркент, Текес (Текелік), Шарын (Чарғын), Қарқара, Алматы (Алмалық), Қапшағай, Шілікті, Сөгеті, Кеген, Тарғап, Көде арал (Арал төбе), Күйтің, Керулен (Кері өлен – яғни Кері өзен, кәзір оны «Теріс аққан» дейді), т.б. жиырмадан астам жер-су аттары аталады («Тарих-и жапангушай», «Жаңа Үйән тарихы» («新元史»), «Жәмиғ ат-тауарих», «Құпия шежіре» («蒙古秘史»). Мұны басқа тарихи құжаттар да растайды: Моңғолстанның аумағында Іле, Шу, Талас, Еміл, Нарын, Көкшетеніз (Балқаш), Отар қатарлы жерлер болған («Тарих-и рәшиди», 2-кітап, 68-тармау). Бұл деректі Қадырғали бие Қосымұлы Жалайыри да растай түседі: ол ұш сан Алаштың ағасы – жалайыри, территориясы – Өзбекия деп анық хаттаған («Жәмиғ ат-тауарих», Қ. Жалайыри, «Армысың, әз баба»). Соған орай



АЛТЫН ОРДА

жоғарыдағы тізімді ары жалғастырсақ: Сыр, Әму (Өксүс), Мауранахр, Еділ (Етіл), Жайық (Йайық), Каспий (Әбесқун), Қарақұм, Құмания, Моңғолстан (Жетісу), Сарай, Сарайшық, Йәнкент, Бұхара, Самарқант, Бестам, Балық, Үргеніш, Баршынкент (Барчынкент), т.т. осылай ұласа береді. Демек, барша мұсылман тарихшылары да, батыстық және қазақ тарихшылары да Шыңғыс ханның атамекені Орта Азия, Қазақстан территориясы екенін нақтылап, сенімді түрде көрсеткен. Ешқайсысы қазіргі МҚР немесе Солтүстік Шығыс Азия жері туралы сөз қозғамаған. Аталмыш жер-су аттары Шыңғыс ханның туып өскен өлкесіндегі, оның бозбала шағында басынан өткерген қиыншылықтарына кұә болған өңірдің, алғашқы жортуылдары өткен өлкенің топонимдері. Бір қызығы, олар әлі күнге дейін аталады. Бір қызық, бұл өңірде қазір де Шыңғыс хан заманында жайлаған халықтың ұрпағы өмір сүріп жатыр деген сөз. **Бұны бір деп қойыңыз.**

Олай болса, бұл өңірде кәзір өмір сүріп жатқан халықтың ол ата-бабалары кімдер екен?

Осы жердегі тарихшы Шыңғысхан құрған ұлы мемлекеттің аты туралы да бірауызды пікірде емес, керісінше, мүлде тарихи құжаттық негізі жоқ, жалған көзқарастар айтылуда. Біреулер осы заманғы моңғол (монғол) ұлтына апарып телиді, алайда түпнұсқа құжаттардың ешқайсысында ондай этноним жоқ. Қайта **моғол** (мұғұл) деген этноним бар әрі олардың мекені Моңғолстан, яғни Жетісу өлкесі деп көрсетілген. Сонымен қатар ол моңғолдардың тайпалық құрамы да нақты аталады: жалайыри, қоңырат, дулат, керей, найман, уақ (оңғыт), арғын, қаңлы, алшын (алчын), дәйт (әлім), таз, тана қатарлы түрік ру-арыстары. **Бұны екі деп қойыңыз.**

Ол ғана емес, әлгі моңғолдар – татар, керей, алшындар... – бәрі бір тілде сөйлейтіні дәйекті түрде айтылады («Жәмиғ ат-тауарих», 1-дәптер, 1-кітап). Мұны батыстық авторлар да растайды, мәселен, Марко Поло өз естелігінде: олар – «он» (он), «жүз» (guz), «мың» (ming), «түмен» (toman) деп санайтынын нақты жазып қалдырған (*М. Поло естелігі, татарлар туралы баян, 69-тармау*). Басқа тарихи құжаттарда да Шыңғыс хан ордасы

«бір», «икі», «үч»... «он», «йигірме»... «йүз», т.б. деп санайтыны туралы деректер қалдырған. Ал қазіргі моңғол халқы бұл сандарды «нэг» (бір), «хоёр» (екі), «гурав» (үш)... «арав» (он), «хорь» (жиырма), «зуу» (жүз), т.б. деп, мүлде басқаша атайды («Қазақша-моңғолша сөздік», авт., Б. Базылхан, МХР, Ұланбатыр: «Ғылым академиясының тіл мен әдебиет институты», 1977 ж.) Түпнұсқалық тарихи құжаттарда жазылып қалған, моғалдар тіліндегі өзге де бірер қарапайым сөздерді келтіре кетелік: қымыз, гурт (құрт), ут (от), уруг(ұрық), таңсық, маңдай, кежіге, сақ барақ (иттің аты), құла жебелек (сәйгүліктің аты) т.т. Сондай-ақ, Шыңғысхан әулетіндегілер «үлкен үй», «қара шаңырақ» дегенді «ұлық еп» деп атаған. Мұндағы «ұлық» үлкен деген мағына берсе, «еп» (еб) ежелгі тілімізде басына, үй, шаңырақ елген сөз. Егер орда моңғол тілді болса, аса зор этнографиялық мәні бар бұл атау «их гэр» деп аталар еді. Бұл ғана емес, Шыңғыс хан ордасы қолданған және біздің заманымызға жеткен лауазым, шен-атақ, туыстық атаулардың бәрі де түрікше, тіпті таза қазақша дерлік. Оған мысал: қаған, хан, ел-хан, бек, би, бітікші (бітікші), атабек, кешіктен, есіктен, қоршы (қорчы), ақтасы, басқақ, жасақ, кептеуіл, тұрғақ, қатүн, бике, ата, аға (ақа), іні (аға уә іні); сөздердің ендігі

бір парасы: жосық (йосұқ), бұйрық, жарғы (иарғы), жарғышы (иарғычү), билік (билик), шерби (черби), түмен (түмөн), кежіге, маңдай т.б. болып кете береді. Бұл сөздер ордада әскери, саяси термин есебінде де, күнделікті қарапайым лексикон есебінде де кең қолданыста болған (*Р. Ад-дин мен А.Жувейни еңбектері бойынша*). Тіпті бұның бәрін былай қойғанда, Шыңғыс ханның мөріндегі жазудың өзі түрікше екені әлемге мәлім емес пе?! **Бұны үш деп қойыңыз.**

Жоғарыда атап өткеніміздей, Шыңғыс хан тарихына қатысты жер-су аттарының көбісі түрікше болғанына орай, ол атыраптардағы рулар да түгелдей дерлік түріктер. Бұл сөзімізге көп қиналмай-ақ қыруар дәйек келтіруге болады. Нақтылай айтсақ, олар: керей (керей), найман, жалайыри, дулат (дұғлат), қоңырат (қоңғырат), қыпшақ, қаңлы, тана, таз, дәйт (дөйтүт), алшын, байұлы (байоқу, байұрқы, баяут), адай (дай), тама, кете, бес шекті (бес ермен), сіргелі (сіргеті), шанышқылы (чанчығұт), қылыш (қылыч, қалач), салжұқ (селжүк), құман, башқұрт (башқырт), түркімен, бұлғар, ұйғыр, қырғыз, т.б. болып жалғасады. Мұндай ірі арыстарды былай қойғанда, жаныс, тарақты, аққойлы, қарақойлы, орақты (орақчыл), андас (анда), торы (торук), маңғытай (маңғыт), қият, төре, қарақас, қоралас, құлшығаш

(құлшынты), күрлеуіт (қыпшақтың кіші руы), тағы сол сияқты ру-тайпалар. Осынау рулардың аты ғана түрікше емес, заты да таза түркі. Олар түрік халықтарының арасында, әсіресе қазақ ұлтының ішінде бүгінге дейін бәз-баяғысындай сақталған. Ал моңғол тайпаларынан тек **ойрат** қана аталады. **Бұны төрт деп қойыңыз.**

Осынау түпнұсқалық деректер Шыңғыс ханды жарық дүниеге әкелген халық көне түріктердің тікелей жалғасы және бүгінгі түріктердің әсіресе қазақтардың биологиялы ата-бабасы екенін нақты дәлелдеп береді. Оның күмәнсіз тағы бір дәлелі ретінде Шыңғысханның айналаласындағы замандастарының, қолбасы батырларының, мемлекеттік қайраткерлерінің тегі де анық жазылған: Таян, Күшлүк, Бұйрұқ – найман хандары, Ақшырын – татар ханы, Елштей, Тұғырул – керей хандары, Тоқтабек – меркіт ханы; батырлары Саба, Мұқалы, Жебе, Жамұқа, Сүбітей, Желме, Бала – жалайырлар; Тататұға, Кетбұқа – найман; Чынхай (Шыңғай), Бұлғай, Күйтемір

– керей; Найаға – сіргелі, Сызған Құтқа – татар, Борашы – арғын, Бөріқұл – үйсін, Шорматан – тама; Көргүз (Көргіз) – ұйғыр, т.т. Бұл нені көрсетеді? Шыңғыс хан әулеті де, олар құрған мемлекет те моңғол халқымен және олардың территориясымен ешқандай қатыссыз болғанын көрсетсе керек! **Бұны бес деп қойыңыз.**

Тағы да тарихи құжаттарға жүгіне-лік: Қ.Жалайыри Шыңғыс хан құрған 95 мыңдықты «Алаш мыңы» деп атайды («Жәмиғ ат-тауарих», Қ. Жалайыри, «Армысың, әз баба», 129-бет). Бұл түпнұсқалық тарихи дерек Шыңғыс хан құрған ұлы империяның аты «Алаш» болғанын, сондықтан оның армиясы «Алаш мыңы» деп аталғанын дәлелдейді.

Ал қазақ халқы «алаш» деп аталатыны, қазақ хандары Шыңғыс ханның тікелей ұрпақтары, тақ мұрагерлері екені – көпке аян тарихи шындық. Керісінше, моңғол халқының ешбір әміршісі Шыңғыс хан нәсілінен емес. Тарихи құжаттарда: «Шыңғыс ханның тегі, түбі – түрік» деп, сондай-ақ «халқалар, моңғолдар» Шыңғыс хан шыққан халықтан емес, олар – басқа халықтан деп нақты жазылған («Жаңа Үйән (Юань) тарихы» («新元史»), «Өмірбаян» («本紀») бөлімі, 1-орамға (卷一) және 3-орамға (卷三) қараңыз). Ал Шыңғыс ханның **Алаш ханы (Ала-**



ша хан), Жошының Алаш іде, яғни Алаштың иесі деп аталғаны тарихи құжаттардан жақсы мәлім («ҚСЭ», 4-том, «Жошы хан күмбезі», 181-бет. / «Тарих-и Жанангушай», 1260 жж. жазылған), Атамәлік Жөбенеі (Шыңғысхан әулетінің тарихшысы, орда ұлығы), 1-кітап, Жошы хан туралы тарау). Демек түпнұсқа тарихи құжаттар әкелі-балалы екеуін де алаштың – қазақтың ханы, иесі деп көрсеткен. Екінші сөзбен айтқанда, Шыңғыс хан да, оның баласы Жошы хан да алаштың, қазақ халқының төл перзенттері болатын. Бұны алты деңіз.

Кейбіреулер ертеде «қазақ» деген ел болмаған деп қарайды, алайда тарихи құжаттарға жүгінсек, сонау XII ғ-да. «қазақ терген» деген сәулетті арба, Қазақты (Қазақтү) деп аталатын тарихи территория болған («Құпия шежіре») («蒙古秘史») / «Моңғолдың ұлттық тарихы») («蒙古族通史»), ҚХР, Бейжің: «民族出版社», 2000ж., 1-кітап / 上卷). Егер «қазақ» деген этноним болмаса, оған байланысты туынды сөз және сөз тіркестері – жоғарыдағы

әрі Шайбәнилер Орда хан әулетіне бағынатын. Олардың ұлыстық астаналары Жошы ханның қарашаңырағында – Қайылық (Қойлық) қаласында болған («Тарих-и Жанангушай» және П. Карпини, Г. (У.) Рубрук сапар естеліктері).

Қазақ этнонимінің ежелден бар екенін М. Дулати де растайды, ол қазақты: қырғыз қазақ, өзбек қазақ және түр қазақ деген үш үлкен құрамға бөліп көрсеткен («Тарих-и рәшиди»). Олар Моғолстан, Өзбекия және Қыпшақбашы түріктерін тұтастай қамтиды. Қауғаз (Кавказ) аймағында

орталық еткен атажұртта қалып қойған. Шыңғысхан өз кезінде үлкен ұлы Жошыға Сақсонға (Саксонияға) дейінгі және одан да арғы, ат тұяғы жетер өлкелердің барлығын еншілеп бергені тарихи құжаттардан еншілі («Жамиғ ат-тауарих», 2-дәптер, 3-кітап, «Шыңғысханның ұлы Жошы хан туралы баян», 112 – 170-беттер). Демек, ұлыс Жошының атымен аталған, Бату хан соның бір бөлігінің, Еділ бойынан батысқа қарайғы аймақтың ғана иесі болатын. Ал ұлыстың Жошы ханнан кейінгі нағыз иесі – Орда хан және оның әулеті

жағында болған (Жоғарыдағы «Жаңа Ұян тарихы» және «Ұян тарихы») («元史») ҚХР, 北京: «中华书局», 1976 ж., «志» (шежіре) бөлімі). П. Карпинидің ордаға келуі 1245 – 1246 жж. еді, ол Қарақорымға жарты күншілік (20 – 25 км) жерден қайтады. Ал Г. Рубрук қаған ордасында 1253 – 1254 жж. болған, ол Қарақорымда бір қыс жатады. Демек олардың Шыңғысханның астанасы мен атамекені туралы дерек беруде қателесулері мүмкін емес.

Бәрінен де маңыздысы сол – П. Карпини 1246 ж. тамызда өткен Күзек (Күйүк) ханды таққа отырғызу рәсімі қарсаңында «Алтын Орда» атты қаған шатырын, ғажайып сәулет туындысын өз көзімен тамашалау мүмкіндігіне ие болған. Ол онда 1246 ж. 15 және 24-тамыз күндері екі қайтара барған (П. Карпини, 9-тарау, 32-мазмұн, 114-115 беттер). Шатырдың орны жоғарыдағы қарлы таудың, яғни Алатаудың қойнауындағы бір нулы, сулы, табиғаты ерекше көркем, кең алқапта болған. Міне, осынау түпнұсқалық тарихи дерек нағыз Алтын Орда Қазақстан территориясында, Жетісу өлкесінде екенін ешбір қатесіп көрсетіп береді. Демек оны бүгінгі Россияның жерінен іздеудің ешқандай тарихи құжаттық негізі жоқ. Оның үстіне Жошы ханның мәңгілік мекені – күмбезі де өз елімізде, Ұлытаудың төсінде әлі еңсе көтеріп тұр. (Бұны сегіз деңіз). Сол себепті де Мемлекет Басшысы – Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 750 жылдық туралы шешімін Ұлатауда, Алашахан мен Жошы ханның ұлы рухы қалған, киелі тәні жатқан жерде жария еткен болатын. Демек, бұл жәйт ұлықтау нысаны, зерттеу түйіні осы екі тұлға болатынын көрсетіп береді. Мемлекет Басшысының бізге нұсқаған бағыт-бағдарының саяси, тарихи мәні, міне, осылай.

Ал Алаша хан – Шыңғыс хан, Алаш империясын құрушы, «Жосық» заңын, алаштың ата заңын қалыптастырушы тұлға. Ұлы «Жосықтың» жолға қойылуы, шын мәнінде адамзаттың зайырлы қоғамға кіруінің бастамасы болатын. Өйткені онда адам құқығы анық көтерілген-ді. Шыңғыс хан мұрагерлерінің діни, ұлттық, нәсілдік тұрғыда өз замандастарынан әлде қайда толерантты болуының мәнісі сонда – «Жосық» заңының құқықтық талабында болып табылады. Жошы хан туралы айтар болсақ, оның тұңғыш ұлы Орда хан, жоғарыда айтылғандай ол – әке тағының және қарашаңырағының мұрагері. «Тарих-и жаһангушайда» көрсетілгендей, Шыңғыс хан тұңғыш ұлы Жошыға еншілі астана ретінде Қойлық қаласын береді. Ол жалпы тұрғыда Қарақорымдағы орталық билікке – Алаш қағанатына тәуелді болып, ішкі жағындағы істерін дербес басқара алатын. Бұл хандық тарихта Жошы ұлысы деп аталады. Атап өтілгендей, оның негізгі территориясы қазіргі Қазақстан көлемінде, қарашаңырағы – бас астанасы Жетісу өлкесінде болған. Жошы Шыңғысханның тұңғыш ұлы болғандықтан, оның ұлысы Ақорда, яғни аға орда деп те аталады. Оның көрнекті өкілдерінің бірі, әйгілі әмірші Орыс хан (1361 – 1376 жж.) болатын. Ол 1372 – 1375 жж. Жошы ұлысын тұтасқа жуық қайта бірлікке келтірді. Іс жүзінде, бұл – Алаш қағанатының қайта жаңғыруы болып табылады. Өйткені Төле хан әулетінен шыққан ұлыс қағаны Тоқантемір 1368 ж. тақтан тайдығыны, орталық билік күйреген-ді. Сол тарихи орайда Орыс ханның мықты қарсыластары, Әмір Темір мен Тоқтамыс хан да күшейе түсті, бірақ Шыңғысхан әулетіндегі ең қуатты билік, бәрібір Орыс хан әулетіне қайта оралды. Ұлыс тағына Орыс ханның ұлы Құйыршық (Қойыршақ) хан келді. Қазақ хандары Керей мен Жәнібек – сол Құйыршық ханның немерелері болатын.

Шын тарих, міне, осылай – Шыңғыс

хан мен оның әулеті қазіргі моңғол халқына биологиялық, территориялық тұрғыдан ешқашан, ешқандай қатысты болған емес. Біз Мемлекет Басшысының сілтеген бағдарын дұрыс ұстануымыз, Шыңғыс ханның түріктік, қазақтық тегін – ақиқат тарихын өз елімізге, күллі әлемге танытуымыз керек. Қытайдың «Юань тарихы» аталатын, Миң әулеті тұсында – 14 ғасырда жазылған көптомдық көне еңбекте Шыңғыс ханның Кеңгір алқабында жерленгенін нақты атап көрсететі дегенін жалпыға жариялап, Алашахан – Шыңғыс хан екенін шетел тарихшыларына мойындату, біз үшін әрі ғылыми міндет, әрі перзенттік парыз (Т.Әбенайұлының «Таныс та бейтаныс Шыңғысхан әулеті...» монографиясын қараңыз, 224-225 беттер). Әлемдік туризмнің назарын Ұлытауға, Алашахан мен Жошы ханның, сондай-ақ Құлан (Күлән) ана мен Болған ананың киелі күмбездеріне аударуымыз қажет. Сонда еліміз рухани және экономикалық жақтан бірдей игілікке кенеледі. Әйтпесе тойдың қаржылық шығынынан басқа, ешқандай да әлеуметтік, ұлттық маңызы қалмайды. 750 жыл, шын мәнінде Құбылай қаған орталық билікті Моғолстаннан (Жетісудан) Ханбалыққа (Бейжіңге) көшірген уақытқа, XIII ғ. 60 – 70 жж. тұспа-тұс келеді. Тарихшыларымыз Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы шешімінің осындай тарихи-стратегиялық мәнін дұрыс түсінуі қажет деп ойлаймыз. Біз Қазақ халқының ұлттық тарихын моңғол ұалтына тәуелді қылып қоймауымыз керек. Әрқандай тәуелділіктің артында саяси, территориялық талаптар жасырынып тұрады. Яғни одан ұлттық қауіпсіздікке, мемлекеттілікке зор қатер, орны толмас апат келері сөзсіз. Сондықтан отаршыл жүйе салған қатерлі сүрлеуден шығуымыз, ұлттық тарихтануды тәуелсіз, ғылыми түрде қалыптастыруымыз қажет.

Осыған дейін біз негізінен көне жазба деректер төңірегінде сөз қозғадық қой. Бұл ұлы тұлға туралы әр түрлі әдеби туындылар да, зерттеу еңбектер де әлі де жазылып келеді. Әр кезде әртүрлі еңбектер қалдырған жапон И.Ясачи, О.Матсуо, француз Р.Гроузет, поляк К.Каралевский, орыс В.Бартольд, Л.Гумилев, т.б. секілді ірі авторларды былай қойғанда, бүгінгі өзіміз тұстас зерттеушілер де баршылық: орыс ғалымдары А.Бушков, А.Оловинцов, О.Петренко, И.Захаров, украиндық В.Блинский, т.т. Осылардың қай да Шыңғыс ханның моңғол халқына қатысты шамалы екенін, керісінше, қазаққа тікелей қатысты екенін қадап айтады. Сонымен қатар олар Алтын орда мемлекеті бір-бірімен жаулаусып келген орыс княздіктерінің басын біріктіріп, ұлы империя болып қалыптасуына тікелей әсер еткенін де ашық айтып тұр. Орыс оқымыстылары осы тақырыпты қаузап, «дөңгелек үстел» өткізіп жатқанына біраз болды (Бұны тоғыз деңіз).

Қорыта келгенде, «Алтын орда» 750 жылдығын атап өту кезінде айдаладағы бөтен халықтың «жыртысын жыртып» – «Алтын орда» империясын қазіргі «моңғолдардың ата-бабасы құрған-мыс» дейтін тарихи өтіріктің жетегінде кетпеуіміз керек. Олай ететін болсақ, онда қазақ елін 280 жыл бодандықта ұстаған Ресей империясының құрылуының алдағы 330 жылдығын да сол империяның құрамында болғанымызды өтеуіміз қырымын, арнайы тойлауға «міндетті» болатын шығармыз. 1981 жылы Ресеймен қосылғанымыздың 250 жылдығын өте жоғары дәрежеде «тойлағанымыз» да жетер. Құдай енді ондай тәуелділікті басымызға бермесін! Өз тарихымызды өзіміз түгендейтін кез жетті.

Шыңғысхантанушылар:

Марал ЫСҚАҚБАЙ, жазушы;
Бексұлтан НҰРЖЕКЕҰЛЫ, жазушы;
Тілеуберді ӘБЕНАЙҰЛЫ, тарихшы



КІМДІКІ?

атаулар қайдан келіп шыққан? Ертедегі мұсылман тарихшылары IX ғ-да тіпті жыл санауымыздан мыңдаған жылдар бұрын «Қазақия» деген территория және антропоним болғанын ап-анық хатқа түсірген. Олардан өзге «Қазақ тауы» деген жер, «Шымкент» деген қала қатар аталады («黄金草原») («Алтын дала») 947 жж. жазылған, авт., ал-Масуди, ҚХР, 西宁: «青海人民出版社», 1998 ж. / «Худуд әл-әлем» (IX ғғ. жазылған), авт., белгісіз, ұйғыршаға аударған, Аблат Нұрдүн Құрығар, ҚХР, Үрімжі: «Шыңжаң халық баспасы», 1987 ж., 18-бет). Егер Шымкент – осы заманғы Қазақстан территориясындағы тарихи қала екенін ескерсек, онда «қазақ» деген атау да осы аймақтағы халыққа тиесілі екеніне көз жеткізу қиынға соқпайды. Міне, осы тарихи құжаттық деректердің барлығы «Қазақ» атты халық та, оған қатысты этноним, топоним және антропонимдер де жыл санауымыздан бұрын бар екенін әрі ол бүгінгі Қазақстан территориясындағы титулдық халыққа тән болғанын анық дәлелдеп береді.

Кейбір тарихшылар «Тарих-и рәшиди» бөлігіндегі «қазақ шығу» (қазақ болу) деген саяси терминге негіздеп, «қазақ» этнонимі содан келіп шыққан деп қарайды. Бұл, мүлде қате пікір. Керісінше үшбу саяси атау әуелде әлеуметтік, кейіннен этнонимге айналған «қазақ» сөзінен келіп шыққан. Нақты айтқанда, ханға немесе қағанға оппозиция солтандар олардан барлық туыстық, бауырлық қатынасын үзіп, тек ұлттық тегін – қазақтың ғана сақтап қалады. Міне, осы саяси тәсіл – «қазақ шығу» немесе «қазақ болу» деп аталған. Бұлай ету (қазақ шығу) билік басындағы хан (қаған) үшін өте қатерлі оппозициялық шара саналған. Өйткені қазақ шыққан сұлтандарды қолдайтын тұлғалар да жаппай саяси шешім қабылдауға, билік басындағы топты, орданы тастап шығуға тиіс болатын. Керей және Жәнібек сұлтандар Әбілхайыр ханға қарсы, дәл осындай саяси шара қолданды. Олар өз ордаларын Қозыбасыға көшіргенде, жүз мыңдаған халық – өзбек қазақ – Әбілхайыр ханды жұртқа тастап кетті. Сөйтіп Шайбән (Сибан) әулеті әлсіреді де, хандық тақ, ұлыс билігі Орда әулетіне қайта оралды. Әсілі бұл екі әулеттің еншілі территориялары бұрыннан қанаттас болатын



және қазіргі Әзербайжан жерінде қазаққа қатысты атаулар болуының тарихи төркіні, міне, осындай. М. Дулатиге жүгінсек, Моғолстан Балқаш көлінің оңтүстігін, Іле, Нарын және Шу, Талас бойларын қамтыған үлкен аймақты танытады. Өзбекия Балқаштың солтүстік батысынан Қазар (Каспий) теңізіне дейінгі аймақты меңзейді. Ал түр қазақтың мекендері тарихи құжаттарда Қыпшақбашы, Қыпшақия немесе Қыпшақ ұлысы деп, әр түрлі хатталады («Жамиғ ат-тауарих», 3-дәптер, 4-кітап, 60, 71, 169-беттер). Демек осы өлкедегі қыпшақ және олармен туыстас түрік халықтары, біртұтас түр қазақ, яғни қазақ болып табылады. (Бұны жеті деңіз).

Отаршыл жүйе тарихшылары мен идеологтары шынайы тарихты жоққа шығару мақсатымен, дәл осы арада қазақ, алаш сынды атауларды ғылыми айналыстан ығыстырып, олардың орнына қыпшақ (половцы) деген этнонимді ғана сақтап қалды. Келесі қандамда қыпшақты да тарихи қолданамстан шығарып, есесіне «Бату ұлысы», «Алтын Орда» деген жасанды атауларды айналысқа салып жіберді. Олай дейтініміз, түпнұсқа тарихи құжаттарда ондай атты ұлыстар хатталмаған. Рәшит әд-Дін бойынша, Шыңғысхан Жошының тағына үлкен ұлы Орда сұлтанды отырғызбақ болады. Бірақ ол бұл орынға інісі Батуды ұсынып, өзі әке қарашаңырағында, Қойлық қаласын

еді, оны М. Дулати дерегі де растайды. Ол Қасым ханды Жошыдан кейінгі осы ұлыстан шыққан ең қуатты хан деп көрсеткен, сондай-ақ оның әскер саны мың мыңға, яғни миллионға жеткенін атап айтады («Тарихи рәшиди»). Қасым ханның түп атасы Орда екені көпке аян. Өз кезегінде Орда хан Жошының қарашаңырағында, Қойлық қаласында отырғанын батысқарық авторлар да растайды (П. Карпини, Г. Рубрук сапар естеліктеріне қараңыз).

Ендеше «Алтын Орда» деген атау қайдан келіп шыққан? Жоғарыдағы екі батыстық автор да Шыңғысханның атамекені «үлкен судың», яғни Балқаштың оңтүстік жағында, «биік таудың», яғни Алатаудың қойнауында деп көрсетеді. Екеуі де Шыңғысхан мұрагерлерінің ордаларында бір жылдан аса уақыт бойы жүрген еді, демек олар берген тарихи ақпараттың сенімділігі күмән тудырмайды. Әрі мұны басқа да көзкейі күзгер авторлардың дерегі нақтылай түседі. Осылар өлке тіршілігіне жақсы қанық орда ұлығы, орда тарихшысы Атамәлік Жөбенеі Қарақорымның орнын Алмалық, Қойлық, Еміл (Алтынеміл) сынды үш қаладан қалыптасқан шеңбердің өзегінде, яғни Жетісу өлкесінде екенін картографиялық тілмен сыйпаттап түсіндірген еді («Тарих-и жаһангушай»). Мұны пішік (иероглиф) жазуындағы деректер де растайды. Қарақорым қаласы Алмалықтың батыс

Наконец президент Касым-Жомарт Токаев показал характер – раскритиковал стратегию развития Евразийского экономического союза, заговорил об устранении всяких барьеров, защитил национальные интересы! Это не демарш, а разумный подход к реальной интеграции, и не игра в поддавки с Россией, как было раньше. Пришло время, чтобы бороться за свое место под солнцем не только в своей стране, но и в евразийском пространстве и в регионе.

ЗАЧЕМ КАЗАХСТАНУ ТАКОЙ ЕАЭС!

СТРАТЕГИЯ ОГРАНИЧИВАЕТ НЕЗАВИСИМОСТЬ РК

19 мая прошло заседание Высшего Евразийского совета, на котором прозвучало системное и критическое выступление главы Казахстана по основным проблемам, которые беспокоят наших граждан в этом союзе: «Но, я думаю, мы должны воспользоваться правом глав государств все же обсудить этот документ дополнительно с тем, чтобы не допустить впредь ошибок и, следовательно, избежать критики со стороны общественно-го мнения».

Президент страны заострил внимание на давно известной тенденции политизации экономического союза – стратегия в предложенной редакции ограничивает суверенные права независимости и интеграция в базовых отраслях, как здравоохранение, образование и наука может поменять экономическую направленность на политическую, что явно противоречит самой сути создания ЕАЭС.

Токаев раскритиковал и национальную структуру – ведь следует акцентировать внимание на вопросах расширения и интеграции, к тому же президенты сами должны обсудить и самостоятельно принять решение, будут ли принимать стратегию или нет: «Представители комиссии уже анонсировали принятия главами государств стратегии («О стратегических направлениях развития евразийской экономической интеграции до 2025 года»). Я думаю, что это неуместное забегание вперед. Президентам надо дать возможность обсудить и самим самостоятельно принять решение. Будем ли мы принимать стратегию, это очень важный документ, или нет. Но бывают такие случаи, когда проявляется чрезмерное честолюбие некоторых представителей ЕЭК: дескать, мы подготовили документ, а дело президентов – принять».

Пришло время отстаивать национальные интересы, и Касым-Жомарт Токаев предложил исключить участие представителей евразийской экономической комиссии в переговорах Казахстана с третьими странами, особенно в сфере торговли и инвестиций. «Вообще очень трудно представить, как это будет происходить на практике – на двусторонних переговорах присутствует представитель комиссии? Сфера торговли услугами и инвестиции являются

национальной компетенцией, так как не затрагивают интересы других стран. Необходимость отвлечения человеческих и финансовых ресурсов комиссии на эту работу нам, открыто говоря, не понятна», – заявил президент РК.

К. Токаев справедливо отметил, что не считает оптимальной систему квотирования числа сотрудников штата ЕЭК от каждой из стран. По его словам, гражданам ЕАЭС следует предоставить равный доступ к работе в комиссии, прежде всего исходя из профессиональных компетенций: «Считаю, что квотирование, распределение сотрудников граждан наших стран по процентам не полезно для нашего общего дела. Как это принято во всех международных организациях, объем финансирования комиссии не должен служить основным критерием для формирования штата наднационального органа, поскольку он не обеспечивает соблюдение основных принципов функционирования ЕАЭС».

Глава государства сказал о том, что стратегия в предложенной редакции ограничивает суверенные права независимости и будет отторгнуто казахстанским обществом: «А это приведет к отторжению стратегии национальным общественным мнением, поскольку стратегия ограничит суверенные права правительства и парламента. При этом надо учитывать, что в рамках имеющихся договоренностей между компетентными органами существует широкое поле для административного сотрудничества, обмена информацией о нарушениях и нарушителях. Совместные работы по предотвращению угроз трансграничного характера, пресечению нарушений и преступлений».

ОТРИЦАТЕЛЬНОЕ САЛДО ТОРГОВЛИ КАЗАХСТАНА

В рамках ЕАЭС РК несет серьезные экономические издержки. Это всевозможные барьеры для наших товаров на пути к российскому рынку. Поэтому глава Казахстана сказал о необходимости на практике обеспечить движение товаров без барьеров и ограничений, а саму идею интеграции следует рассматривать сугубо в энергетическом и финансовом секторах.

Ведь бюджет Казахстана показал наихудший результат в ЕАЭС



– получил наибольший дефицит бюджета. Доход бюджета страны в январе-сентябре 2019 г. составил более 7,7 трлн тенге против расхода в 8,5 трлн тенге, дефицит бюджет достиг 813,1 млрд тенге или \$2,1 млрд.

При этом во взаимной торговле со странами ЕАЭС Казахстан является преимущественно страной-импортером: ввоз в РК в 2,3 превышает экспорт в страны ЕАЭС. Импорт Казахстана из стран ЕАЭС за год вырос на 7,1% и составил 10,3 млрд долларов; экспорт увеличился лишь на 2%, всего 4,4 млрд долларов. Отрицательное сальдо торгового баланса 5,9 млрд долларов!

То есть мы следили долларом сбыта для ЕАЭС, прежде всего, для товаров из России. А нашу продукцию под всякими предлогами на рынок соседней страны не пускают. И зачем нам нужен такой союз?

Как сказала вице-министр торговли и интеграции РК Жанель Кушукова: «На практике казахстанские производители сталкиваются на региональном уровне с негласными ограничениями и запретами на российских прилавках. Это касается в основном продуктов питания: молочной, пищевой, овощной продукции».

Это старая болезнь: Казахстан из года в год продолжал получать отрицательное сальдо торговли еще в Таможенном союзе. Например, на 2011 г. оно превысило 8,8 млрд долларов, а за 2012 г. – уже 10,9 млрд долларов. При этом наблюдаются «расходящаяся» тенденция, когда и без того отступающая общия сумма казахстанского экспорта снижается, а доминирующая сумма импорта продолжает расти. Т.е. ситуация в производстве не улучшается.

В целом, те принципы и цели, которые закладывались на первоначальном этапе создания союза, в настоящее время все больше и больше оказываются под новыми требованиями, стандартами, нормами и т.д. Изначальные стандарты

в области фитосанитарии и ветеринарии на деле оказываются фикциями, не имеющими фактического применения.

В итоге Россельхознадзор регулярно вводит особые требования для продукции из РК, зачастую более суровые, чем в отношении третьих стран. Смешно сказать, но отдельные условия для экспорта из Казахстана, например сельхозпродукции, в Россию были выгодны для нашей республики до создания ЕАЭС.

БУНТ В ЕВРАЗИЙСКОМ СОЮЗЕ

Соглашательская политика казахстанской делегации проявилась с начала работы по выработке основ Таможенного и Евразийского экономического союзов – отдельные нормы Договоров были не выгодны для нашей республики.

Характерно, что президент РФ Путин на заседании 19 мая никак не среагировал на критику президента РК – Казахстан вел «мирную» политику, поэтому и не было заготовок ответов. Путин затронул лишь проблему цены на газ, которую поднимали Беларусь и Армения.

Иными словами, к предыдущим трениям между Москвой и Минском теперь присоединился и Нур-Султан.

Например, президент Лукашенко 20 сентября 2016 г. обрушился с гневной речью в адрес России и ее руководства и даже пригрозил выходом страны из ЕАЭС. Причина – ВВП страны в январе-августе снизился на 3% к аналогичному периоду прошлого года. «Мы сейчас очень внимательно анализируем наше участие, прежде всего, в ЕАЭС. Нарушается (в ЕАЭС) все, о чем договорились», – сказал Лукашенко, принимая госсекретаря Союзного государства Григория Рапота.

Свежий пример: когда зимой этого года Беларусь захотела по-

купать казахстанскую нефть, то Россия не разрешила (?). Хотя Казахстан был готов продавать свою нефть. «Странно: наш союзник не дает согласия на поставку нефти от нашего другого союзника», – сказал тогда Лукашенко.

Получается, России не интересуют интересы других членов союза, кроме своих. Не получив нефть от ЕАЭС, Беларусь стала закупать нефть у США. Это пример того, как Россия диктует свои условия, невыгодные для других членов союза. ЕАЭС – это инструмент давления России на других членов?

В этом смысле показательна позиция президента Александра Лукашенко: он умеет выстраивать диалог с Россией таким образом, чтобы отстаивать свои национальные интересы.

Ведь это ненормальная ситуация: Беларусь, Казахстан входят в ЕАЭС, но при этом имеют больше ограничений со стороны России, чем некоторые страны, которые членами союза не являются, но при этом имеют со стороны России даже определенные преференции.

Например, Узбекистан не является членом ЕАЭС, однако экономические отношения с Россией успешно развиваются. В РУ увеличилось количество российских покупателей продукции узбекских сельхозпроизводителей. Получается, Узбекистан для РФ – важный партнер, хотя он не является членом ЕАЭС. Это говорит о том, что возникла эта странная и парадоксальная ситуация.

Естественно, в такой ситуации напрашивается вопрос – что приобретает отечественный бизнес, а равно и вся экономика республики, от нашего пребывания в ЕАЭС, и не оказалась ли вчерашняя граница более открытой, нежели сегодняшнее ее отсутствие? Это последствия соглашательской политики РК в ТС и ЕАЭС. Получается, Казахстан сам себя добровольно загнал себя в эту ловушку, выбраться из которой будет тяжело.

Для Казахстана необходима экономическая «агрессия» для отстаивания своих интересов, для продвижения своих товаров на рынки ЕАЭС, создания условий для производства.


По итогам саммита по предложению Касым-Жомарта Токаева документ «О стратегических направлениях развития евразийской экономической интеграции до 2025 года» был одобрен в основном, но не принята, некоторые ее положения «требуют дополнительной проработки».

«Я не хочу учить казахский, надо мной все смеются», – делится историями своих учеников директор столичного языкового центра Владислав Тен. Владислав – кореец по национальности, выучил основы казахского языка за год, а за несколько лет до этого освоил узбекский, корейский и английский языки за короткий срок.

«Знаете, почему у меня получилось выучить языки? Потому что я не стыжусь своего акцента и признаваться, что чего-то не знаю». Корреспондент Tengrinews.kz побеседовала с Владиславом Теном и записала полезные лайфхаки по изучению казахского языка.



КАК ЛЕГКО ВЫУЧИТЬ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК. ЛАЙФХАКИ ОТ КОРЕЙЦА



«Почему ко мне идут казахи, чтобы учить родной язык? Потому что я не казах, а кореец, то есть для меня это неродной язык. Слушатели говорят, что не хотят идти к преподавателям-казахам, так как те над ними смеются. На самом деле никто не смеется, людям самим так кажется. Они вбили себе в голову, что все будут стыдить их за незнание родного языка. Я советую не стыдиться этого и говорить как есть: «Да, я плохо знаю язык. Но учился в русской школе, родители разговаривали только на русском. Так в чем я виноват?». Поэтому не надо стесняться учить язык. Я не стыжусь разговаривать с акцентом, поэтому я развиваюсь дальше».

Несмотря на то что я родом из Узбекистана, я не знал узбекского. Я и мои родители не знали родного языка. Дедушка стыдил нас за это, при этом сам не знал корейского. И, работая в Ташкенте врачом-гастроэнтерологом, я столкнулся с проблемой непонимания пациентов. Многие говорили только на узбекском. Люди не могли объяснить мне, что у них болит, а я, соответственно, не понимал их. В этот момент я решил выучить узбекский. Через год я выучил еще английский, и еще через год – корейский. Я говорил с акцентом, но я этого никогда не стеснялся».

Очень часто я слышу, что нет языковой среды, чтобы изучить

казахский. Многие жалуются, что не могут поехать, к примеру, в аул, где на несколько месяцев окунулись бы в среду. Нет. Это лишь оправдание. Создайте среду сами себе. Как это сделать? Просите, требуйте, если нужно, от родных, знакомых говорить с вами на казахском. И очень важно слушать казахскую речь каждый день. Не обязательно смотреть фильмы или передачи. Скачайте к себе на смартфон звук казахскоязычных программ. И утром, когда едете на работу или обратно с работы, постоянно слушайте. Сначала будет непонятно, но со временем вы начнете привыкать слышать казахскую речь, понимать, как она звучит, как правильно говорить фразы.

Лично я на YouTube нашел 200 выпусков новостной программы на казахском языке. Скачал в мр3-формате на телефон и каждый день слушал. Сначала ничего не понимал. Через три месяца начал понимать

слова, через полгода – выражения, через год – начал говорить.

Язык формируется через слух, как и музыка. Большинство наших методик основаны на письменных заданиях. Да, безусловно, это помогает запомнить слова, повторять, но не изучать язык. Вы же не можете сказать скрипачу, чтобы он учил музыку по книгам. То же самое с изучением языка. Многие думают, что знают родной язык только потому, что он передался ему от родителей. Нет. Знание языка не передается по ДНК, это приобретенный навык. Ребенок учится говорить слова, слушая родителей. То есть знания он черпает через слух.

Я слушал через смартфон музыку, передачи, аудиокниги каждый день, с утра до вечера. Обедал в наушниках, слушая казахскую музыку. Проговаривал фразы, слушал, как друзья или незнакомые люди говорят между собой на казахском.

Ошибка многих в том, что они начинают учить или преподавать казахский как родной. В этом проблема и многих казахскоязычных учителей. Они не могут посмотреть на язык со стороны и объяснить суть происхождения слова, почему именно так. Когда вы знаете язык с детства, вы никогда не задумывались о том, почему говорите *жату* или *алу* и откуда появились эти слова. А я, когда изучал язык, посмотрел именно на него со стороны и каждый раз задавался вопросом



происхождения слов. Вы также должны посмотреть со стороны на казахский и задуматься, откуда появилось это слово, почему и как.

Я создавал каждый день новые ситуации и узнавал, как они будут звучать на казахском. К примеру, я едва не упал на улице. Я зафиксировал ситуацию, что «едва не упал», на смартфоне, через звуковое сообщение в WhatsApp. Вечером дома я переслушивал аудиосообщение и находил перевод. К примеру, *Мен құлап кетте жаздадым – Я едва не упал*. Теперь я знаю, как звучит фраза.

Очень распространенная проблема, когда казахский, да и любой язык, пытаются выучить в совершенстве. Вижу, как люди

боятся говорить, потому что у них акцент. Но надо ли этого стесняться? Ведь от вас люди ничего не ждут. Да, конечно, если вы сдаете IELTS и язык вам нужен для обучения, тут другой разговор. Если же язык необходим для общения, не нужно грузить себя этим перфекционизмом. Если хотите перфекционизма, то лучше доводите до совершенства любую фразу.

Выучите 100 нужных глаголов. Каждый день по одному глаголу, и добавляйте к нему окончания. К примеру, глагол *беру*. Прибавьте окончания *-ші, -іңіз, -ме*, и вы будете знать еще больше слов: *берші, беріңіз, берме, беру*. Или слово *кел* – *келші, келу, келіңіз, келме*.

P.S.

Поделюсь своей историей. Я человек, выросший в русскоязычной среде. Детский сад, окружение, дети во дворе – все разговаривали на русском. Родителям пришлось нелегко при выборе языка обучения в школе. Мама была за русский класс, папа – за казахский. В итоге выбрали казахскую школу. В первый класс я пришла без багажа, зная только три слова: нан, май, қант. Было очень сложно, и мне, и родителям. До 6-го или 7-го класса я заучивала тексты из учебников, потому что не понимала смысла и не могла пересказывать содержимое. В школе учителя меня постоянно попрекали за это. При этом никто почему-то из преподавателей не предлагал помочь мне понять родной язык. Все только делала замечания. Ситуация поменялась тогда, когда родители отправили меня на все летние каникулы в аул, к дедушке и бабушке. После трех месяцев в деревне я начала понимать родной язык. Как мне объяснил Владислав Тен, я знаю казахский язык потому, что папа отправил меня учиться в казахскую школу. А понимаю его благодаря языковой среде, а именно летним каникулам в ауле.

Айгерим АБИЛМАЖИТОВА

КИЕ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Бар нәрсе ме ол өзі, жоқ нәрсе ме? Бар болса оны кие тұтуымыз керек пе, жоқ па? Үш мысал.

1. Шардарда Базарбай есімді білімдар молда кісі өтті. 70-жылдары бір отырыста бір дауекес жас жігіт: «Құдай жоқ!» деді. Базекен саспай: «Жақсы, сен анау ең басында Лениннің суреті тұрған «Правда» газетімен к...ді күнде суртіп жүрсін. Енді соны Құранның бір парағымен істеп көрші» деді...

2. Астрахань қаласын орыстар алғаннан кейін мешітті арақ ішетін, жын-ойнақ құратын жерге айналдырыпты. Бірақ, «сауыққойлар» ауырмай-сырқамай өле беріпті. «Жалмауызға да жан керек», жақсы ғимаратты да қимаған,



МӘСЕЛЕ

ДОМБЫРАДА ЕМЕС, МӘСЕЛЕ – КИЕДЕ!

жан да керек болған немелер не істейміз поптарына барыпты. Олардың ішінен біреуі ғана ақыл-кеңес беруге жарапты: «Сендер мешітке шошқа қамандар. Мешіттің күші таусылған күні шошқалар да өлмейтін болады. Содан кейін кіріп тұра бересіңдер» депті. Айтқаны дұрыс келіпті...

3. Діннен қазақы қалыпқа көшейік. 80-жылдардың ортасында мен Бетпақдалада геоэспедицияда жұмыс істедім. Арамызда қырғыз Албан дейтін күйеу бала болды. Өзі аңшы еді. Қамысты шыққанды күріп қойып кетті. Себебін бір күні сұрап едім: «Әдеттегідей олардың Шолакеспедегі артезиан құдыққа суға келетін кезін күтіп, қамыстың ішінде жатқанмын. Келді. Ық жақтамын. Бәрі суға бас қойды. Енді біреуін атайын деп октала бергенімде текесі басын көтеріп, тура сезгендей, мен жаққа бұрылып қарады. Мандайында жалғыз көзі бар екен. Мылтығым қолымнан түсіп кетті. Содан бері шыққан жоқпын» деді...

Жақсы. Сол Албан бір күні қасқыр тұмақ киіп келді. «Таста, Албан, киме, сен әлі қырыққа келген жоқсың!» дедім. «Кім айтты?» «Мен айттым. Қазақ айтады. Қырықтан аспай қасқыртұмақ киюге болмайды!» «Қазақ айта береді» деп, күлді де қойды. Екі-үш ай өтпей, ауырмай-сырқамай өлді де қалды... Сөзге жом, біртоға жақсы жігіт еді. Сонда неге көзін жеткізіп айтпадым деп, өліміне өзім кінәлідей әлі күнге дейін өкінемін...

КИЕНІ КИЕ ТҮТПАСАҚ, КЕПИЕТІ ҰРМАЙ МА?

Бұның бәрін не үшін айттып отырмын? Біз көзір «кие» дегенді мүлдем ұмыттық. Қазақ түйежүн шекпенді астына басып

отырмайтын. Қанша түйесі мен жылқысы барын, баласының саны секілді, айтпайтын. Анды атарда «сенде жазық жоқ, менде азық жоқ» деп, алдын-ала кешірім сұрайтын, бүгінгідей тікұшақпен, аэрошанамен, автоматпен ермекке қырмайтын. (Көзір сіз күнгедей Сырдың бойынан қырғауыл таппайсыз). Қасқырдың атын атамай, «ит-құс» дейтін. Ер адам да, әйел адам да бас киімсіз жүрмейтін, оны ешнәрсеге айырбастамайтын. Келіншек балалы болған соң оған сәнді-салтанатты биік кимешек кигізетін, оны АНА болғанын солай байқатып, мәртебесін көтеретін. Ер адамның жағалы киімін жоғары іліп қоятын, киімін әйелдің кимімен қосып жумайтын. **Бұрын бедеу биені тек жорыққа мінетін, қанша жүйрік болса да бәйгеге қоспайтын, «адал жарыс болмайды, еркек мал шабысты емес, иісті ойлап кетеді»** дейтін. Ал, көзір аламан бәйгені алған байталдың бәрін тізіп шығуға бір дәптер керек...

Айта берсек таусылмайлы. Көзір осының бәрі ұмыт болған жоқ па? Киені кие тұтып жатқан кім бар? Мәселе сол заттың өзінде емес, оны кие тұтатын психологияда, адами қалыпта. Егер сіз нені болсын кие тұтынбасаңыз, ол затта ешқандай қадыр-қасиет қалмайды. Ядролық физиканың атасы Э. Резерфорд өзінің институты жаңа ғимаратқа көшкенде, кіреберіс есікке таға қағып жатса, бір шәкірті: «Сэр, сіз осыншама біліміңізбен соған сенесіз бе?» деп сұрапты. Сонда ғұлама: Шырағым, ол менің сенген-сенбегеніме қарамайды, өзінің ісін істей береді» деген екен...

Ал, біз екі күннен бері «кертартпалар, ауыздарыңды ашпандар, домбыраның өзі емес, ол тек сурет қана ғой» деген уәжге көміліп қалдық.

Неге онда боксшы Мохаммед Әли «Жұлдыздар аллеясына» өзінің аты-жөнін жұртпен бірге жолға, аллеяға жаздыртпады (жалғыз ғана оның есімі жеке қабырғада, биікте тұр)? Өйткені, ол пайғамбардың есімін кие тұтты! Біздің теңдессіз, өнеріне өзіміз өлердей ғашық Роза Рымбаева қарындасымыз Мәскеудегі «Жұлдыздар аллеясына» атын жазғанына қарсы болған жоқ...

Ал, біз неге қайдағы бір «жанашыл данышпанның» шаңырақтың суретін Ақ Орданының еденіне мозаика етіп салғанын еденіміз? Себебі, кие тұтпаймыз! Ал, сол кие тұтпау, табанға басып таптау мен көтерем малдай орнынан тұра алмай жатқан экономикамыздың, табиға апаттарды қоспағанда, тілден екі, діннен жетпіс екі тармаққа бөлініп кеткеніміздің, жастардың өзіне-өзі қол салуынан әлемнің алдына, жас отаулардың ажырасып-күйреуінен Орталық Азияның алдына шыққанымыздың арасында ешқандай байланыс жоқ деп кім дәлелдеп бере алады?..

АНАУ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ, МЫНАУ БОЛҒЫМ...

Баяғыда бір атамыз жайлауда інісінің үйінің шаңырағын көтере бергенде, дамбалының бауы шешіліп кетіпті. Келіндері бетін басып теріс қарағанда: «Сендер қымсынып қалды екен деп, мен бауырымының шаңырағын жерге түсірмеймін, қадай беріндер уықты!» деген екен. Біз сол бір сауатсыз бабамыз құрлы бола алмай жүрміз. Неге? Себебі, «сауатты надандармыз». Иә, тағы да «онда тұрған не бар, әдемі ғой» деп маған да, басқаға да араша жабылып, итше талап тастауларыңыз

бек мүмкін. Өйткені, сауатты наданның көпшілік екеніне әбден көзім жетті. Тіпті, «Жер-Ана дейміз, сөйтеміз де оған дәретхана саламыз, ендеше оны неге сатуға болмайды» деген бір депутаттың сөзін неше түрлендіріп, домбыраның суретін жерге салғанды жақтаушылар бет қаратпай жатыр. Шетелдерде гитараны, ананы, мынаны ғимарат етіп салған ғой деген секілді уәж жаңбырша жауып, қарша борап тұр. Дұрыс! Сол ел, сол ұлттар үшін дұрыс. Өйткені, олардың жан-дүниесі, болтмас-бітімі оны кие тұтып қалыптаспаған. Ондай ұғымның өзі жоқ оларда. Мысалы, біз «киелі, қасиетті дастархан» дейміз. Батыс түгілі арабың білмейді оны, наныңмен қоса басып жүре береді.

Ары қарай. Батыс көзір әбден дамыды. Дамығаны сонша, ешқандай киелі, қасиетті нәрсе қалған жоқ олар үшін. Айуан істемейтін нәрсені істеп, еркек пен еркек, әйел мен әйел, шешесі мен баласы отбасы құрып жатыр. Соны жаппай заңдастырып жатыр! Сіз бүгін сол азғындардың «батасын» алмасаңыз, әлемдегі ең ақылды, ең бай жігіт болсаңыз да АҚШ-тың президенті болып сайлана алмайсыз...

Бізге, «аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін» дейтін біздің ерме, еліктегіш, әуейі, көрсеқызар қазаққа солардың ісінің бәрі дұрыс, барлық нәрседе тек солардай болуға ұмтыларымыз. Біз де ұлт едік-ау, тамырымыз терең еді-ау, біз жыл он екі ай бойы өмір үшін табиғатпен күресетін, сол табиғаттың жақсы жағын үйреніп, жаман жағынан жиренетін, сол табиғаттың эмбебап заңына сәйкес бірде жеңіп, бірде жеңілетін, ал, ол үшін айналасындағының бәріне оймен қарайтын, сол жүздеген жылдар бойы күрестің нәтижесінде туа бітті философ

халық болып қалыптасқан ұлт едік-ау демейтін болдық. Солай болуымызға 30 жылғы бірікпе те орасан зор «еңбек сіңірді». Сіңіргенінің бір ғана дәлелі – *әлі күнге дейін біздің Ұлттық идеямыз не, оны іске асыратын Ұлттық идеологиямыз қандай болуы тиіс, оны Қандай жолмен іске асырсақ болады, ол жайлы бір шешімге келіп, бір Тұжырым жасаған жоқпыз.* Ал, ол біздің ең бірінші кезекте іске асыруға тиіс ісіміз еді ғой! Өйткені «30 жылдық дәуірге» қазақтың басының бірікпегені ауадай қажет болды. Біріккен қазақ жемқор билікті 30 жылда қырғыздар секілді 2 рет емес, 4 рет төңкеріп тастар еді.

«ҚЫЛКӨПІРГЕ» ЖАҚЫНДАП ҚАЛДЫҚ...

Жарайды, «өткенге – салауат, алдағыға – аманат» дейік. Дейік дейін десек, бір жылда осы бағытта ауыз толтырып айтатындай тұшымды, толығымен істі тағы таба алмай қиналып отырмыз. Оның бір дәлелі – 40 күнгі карантинде толып жатқан телеарнадан қазақтың рухы, болмысы, ұлттық өнері мен музыкасы жайлы бір де бір хабар берілген жоқ, Ұлттық әндер мен күйлерді орындаушылардың бір де біреуінің жеке концерті берілген жоқ (Рамазан Стамғазиевтің концертін береміз деп алдап кетті. Кешірім де сұрамады...) Есесіне Тұрсынбек пен әзілкешсымақтардың «өнеріне» мелдектеп тойдық. Тойған біз ғана, азғантай, аттың төбеліндей, былайғы көп жұрт «осы сендер-ақ ұлттың қамын ойлағыш екенсіңдер» деп мысқылдап, «ұлтшыл-патриоттар» деп ат қойып, айдар тағып, ағаш атқа қондыруға аз-қалып отырғандар емес екен, оған кешегі Талғат Темесновтің су ханымға жазған Ашық хаты дәлел.

Ұлттық өзегі жоқ адам, «кімі – дос, кімі – қасы екенін айырмайтын, бірі май, бірі қан болып отырған екі ұртты» адам не істемейді – кімнің айтқанына бас шұғымайды? Оған өткен жылдардың өзі куә. «Қазақтың ханы шатыр тікпеген, тіксе де қисық шатыр тікпеген» сөзге құлақ асқан адам болған жоқ.

«КИЕЛІ ДЕП ЖҮРГЕН ДҮНИЕМІЗДІ ӨЗІМІЗ ТАПТАЙМЫЗ, СОДАН KEЙІН КІМГЕ НЕНІ КИЕЛІ ДЕП ДӘЛЕЛДЕЙМІЗ?!»

Домбыраның киесі жайлы мақала жазып едік, Тыныштықбек Әбдікәкімов «Көп шуылдақ не табар...» деген мақаласында «шуылдақ, даукес, байбаламшыл, кие дегеннің не екенін түсінбейтіндердің» қатарына қосыпты. «...домбыра өнер көрсеткен кезде киелі, ал, бейнесінің түрлі өнер туындысы ретінде Жер бетінде орналасуында ешқандай сөкеттік жоқ. Оны қылымсақ балау – күлкілі» депті. Құрдас, білімдар, ақын адам ғой, айтуына болатын шығар, бұл дегелі Себебі, «Көп шуылдақ не табар, Билемесе бір кемел» деген ғой хақим атамыз, Тәкен кемел адамның ролін орындамақ оймен, өте құптарлық әрекет еткен екен, бірақ, Алла-Тағаға адамның суретін салуға, бейнесін жасауға қасиетті хадис арқылы тыйым салғанда оның бейнесі де киелі, ол тапталмасын десе керек деген пікірдеміз өзіміз.

Ал, Ақан Жаханұлы деген ініміз өзінен басқа пікірдегілердің бәрін сол Жер тартып кетсе деген тілегін ашық айтыпты: «Домбыраны қасиетті, оның жерге салған суреті де қасиетті дегендер, сендер нағыз ауыл қалған жарымессіңдер! Сендер жоғалып құрып кетсеңдер қазаққа тек жақсылық орнайды. Қуғынбайлардан тазарып.» деп, миы толық адамның

үлгісін көрсетіпті. Жарайды. Мүмкін оған дәл солай деп Алладан уахи келген болар. Келген болса, сол тізімнің ішінде біз де бар болсақ, «бар жамандық менімен кетер болса, артыңдар, бәрін өзім әкетейін» деп Мұқағали айтқандай, Жаратушыға Жебірейіл періштеден сәлем айт, бауырым, басқаны қайдам, мен өзім шынымен-ақ кетуге дайынмын...

Оған дейін тағы кім не дер екен, құлағымыз сіздерде. Ал, «сендер айтыса беріндер, біздің бос сөзге уақытымыз жоқ, ақшаңызды бөлісе берейік» деп, мыскылдап, миығынан күліп отырғандарды танымасақ та, бет-жүзі көз алдымызға келіп тұрғандай... Дұрыс, әзірге заман сіздердікі, күліп қалыңыздар, ертең сол ақшаларыңызбен бірге кіреңіз тесік таппай қалуларыңыз әбден мүмкін. Шахиншах Реза Пехлевиді 1979 жылы иран халқы елден қуғанда әлемнің ешбір елі қабылдамай қойып, жаңылыспасам, ұшағы аэропортта ұшып шыға алмай (өйткені, ұшақтар автокөліктердей қалаған жағына үлкіп кете бермейді екен, қонатын нүктесімен келісіп алу керек дейді) айырмашылығы үш күн тұрған болатын. Швейцария банктерінде ресми 34 млрд. \$ ақшасы болған адам екен. Содан әулие емес шығарсыздар...

P.S: Парламенттің жиын залының қақ ортасында бұрын шаңырақ бейнелі сурет болған. Сол суретті қазақы оюлы текеметтің суретіне ауыстырыпты. Ақ Ордадағы еденде тапталып жатқан Шаңырақтың суреті де ауыстыралатын болар деп үміттенеміз. Ауыстырылмаса, бір досымыз айтқандай, «киелі деп жүрген дүниемізді өзіміз таптаймыз, содан кейін кімге нені киелі деп дәлелдейміз?!»

«Қазақ әрқашан Ордасын, орда емес жай отауының өзін батысқа емес, тек шығысқа қаратып тігеді» деген сөз де ескерусіз қалды.

Артық кеткен жеріміз болса, кешірім сұраймыз. Бірақ, Ұлттық мәселеде, мысалы, қазақ тілінің ертерек іс жүзінде мемлекеттік тілге айналуы тәрізді, ымыра деген болмайды. Ымыра болса онда одан ұлттық эшнәрсе қалмайды...

Иә, біз, ұлтшылдар, әзірге тек жеңілумен келеміз. Бір жылдан бері жылымық келгендей әсер бар екен деген рас. Дегенмен, ертең мына «домбыра дауында» біз тағы да ұтыламыз. Өйткені, Гераклдың өзіне жалғыз атқораны тазартуға тұтас бір күн керек болған. Соның өзінде ол екі өзеннің сағасын бұрып әкеліп барып қана тазалай алған. Бізді де алдымызда өз «өзендеріміз» күтіп тұр.

Тек ұнжырғамыз түспеуі керек. Себебі, біз күн санап мақсат-мұратымызға, Ұлттық

Мемлекетімізге жақындап келеміз. Махатма Ганди мына даналық сөзін тура бізге арнап айтқан секілді: «Басында олар сені менсінбейді, содан кейін сені мазақ етіп күледі, сосын сенімен күресе бастайды. Ал, сосын сен жеңіске жетесің».

Біз де кәзір 3-кезеңдеміз. Көп емес, аз қалды. Бізге ұнай ма, ұнамай ма, біз кәзір, дәл бүгін қазақ ұлтының тарих санасында ұлт ретінде қала ма, қалмай ма деген, тағдыры шешілетін тарихи кезеңде өмір сүріп жатырмыз. Біз әрбіріміз соған дайындай білсек, Герлод Бельнер ағамыз секілді мәселенің бәрін тек қана «осы қазаққа тән бе, жоқ па? қазаққа керек пе, жоқ па? қазаққа пайдалы ма, зиян ба?» деген тұрғыдан баға беріп үйренсек, соған сәйкес әрекет-қимыл жасап үйренсек қана ертеңгі ұрпағымыздың бетіне тіке қарай алатын боламыз. «Әсіреқызыл сөз ғой» десеңіз өзіңіз білесіз...

Өмірзақ ӘБДУӘЛІҰЛЫ

■ ZAN



«АЛТЫНТӨБЕДЕГІ» ЖЕР ДАУЫ

«Алтынтөбе» ауылы кезінде Оңтүстік Қазақстан (бүгінгі Түркістан) облысы, Бөген (кәзіргі Ордабасы) ауданы, Киров кеңшарының бір бөлімшесі болатын. Кеңес өкіметі құлап, кеңшарлар тарқаған кезде бөлімше халқы жерден, техникадан, т.б. өз үлесін алып, өндірістік кооператив бөлек отау құрғанда, ес жыл азамат оныңда зоотехник болып сайланған еді. Кейінірек оның орнына – бұл кеңшарда жұмыс істемесе де, бұл ауылда тұрмаса да, кооперативте тиесілі үлесі болмаса да – Әбдімәлік Тұрғанияұлы Сатқанбаев келіп отырады.

Отырғаннан кейін кооперативтің суармалы және тәлімі жері – жайылымшынақасын – «кооперативтен шыққан» кооператив мүшелері беріп отырады. Ә. Сатқанбаев «кооператив мүшелігінен шықты» деп жүрген адамдар заң тұрғысынан шықпаған болып саналады, себебі шығу үшін ол адам өзінің жайылым жердегі үлесін де алу қажет. Ал, олардың алмай келген себебі, 1996 жылы кооператив құрылған жиналыста оның мүшелері, бәрі бір ауылдың тұрғындары болғандықтан, «жайылым жер – ортақ пайдаланыста болады» деген арнайы келісімге келген, оны жиналыс хаттамасына да түсірген еді.

2018 жылғы 10-қыркүйекте «Алтынтөбе» ӨК-і мүшелері жалпы жиналыс жасап, «ауылға ешқандай жанашырлық танытқан жоқ, есесіне кооператив мүлкін сатып жатыр» деп, Ә. Сатқанбаевтың орнына Ердан Нұрлыбаевты төраға етіп сайлайды. Ә. Сатқанбаев болса «билікті заңсыз тартып алды» деп сотқа шағымданады және оның шағымын қанағаттандырмаған сот шешімімен өз орнына қайта отырады. Осы сот барысында Ордабасы ауданы әкімінің 2003 жылғы 29-тамыздағы №922 шешімен 445 гектар жер мемлекет қорына өтіп кеткені, 01.07.2005 жылдан бері «Алтын төбе» ӨК-і мүшелері болып Ә. Сатқанбаев пен М. Сатрабов қана қалғаны белгілі болады. Сатқанбаев түрлі аларманға жайылым жерді (дәлірегі оны пайдалану құқығын) сатқысы келген. Сату үшін алдымен оны әкімшіліктің жер қорына өткізу керек болған, Сатқанбаев оны да істеген. Кооперативтен Жарғысын өзгерткен Ә. Сатқанбаев кооператив мүше емес екі баласына, Нұржан Тұрғанияұлы деген ұлына 494 га, о.і. 174 га суармалы жер, Нұрбек Тұрғанияұлы деген ұлына 59,67 га. тәлімі жер берген екен. (Ол осының бәрін істеген кезде 1992 жылы осы ауданның тұңғыш әкімі болып тағайындалған туған ағасы Еркін Тұрғанияұлы Сатқанбаевтың абыройына қаншалықты нұқсан келтіретінін ойлады ма екен?..)

Ә. Сатқанбаев төрағалық тізгінді қолына алған кезде «Алтынтөбе» ӨК-нің иелігінде 1996 жылғы кадастрлық нөмірі №02912 жердің жалпы ауданы – 1845 га, оның ішінде жайылым – 930 га., тәлімі жер – 491 га., суармалы жер – 328 га., арық-атыз – 96 га. болған.

Өз құзыретін асыра пайдаланған Ә. Сатқанбаев ол жерлерді кезінде кепілдікке қойып, «Валют-Транзит-Банкпен» 5,5 млн. теңге несиесі алады. Несиесін қайтармайды. «Валют-Транзит-Банк» Ә. Сатқанбаев несиесі үшін кепілдікке қойған жерді сатуға шығарады. Оны көрген Е. Қалдыбаев есімді азамат электронды аукционға қатысып, ақшасын төлеп, ұтып алады. Ал, енді жерге иелік етейін деп келсе, өндірістік кооперативтен алына, ондай жер жоқ болып шығады. Ол жер бөлшектеніп, талай жеке тұлға мен ұйымға сатылып кеткен екен. Шақшадай басы шарадай болған Е. Қалдыбаев қайтсем жерге иелік етемін деп жүргенде бес жыл үзіп етіп шығады. Ақыры болмаған сот, ол сотқа жүгінеді. Бірақ, ол жерді иеленіп қойған заңды және жеке тұлғалар өздерінің ісінің дұрыстығын сотта дәлелдеп бергендіктен, Шымкент қаласының Абай аудандық соты, төрағалық етуші А. Омарова, 11.02.2019 жылғы өз отырысында Е. Қалдыбаевтың арызын қанағаттандырусыз қалдырады. Шымкент қалалық апелляциялық сот алқасы Абай аудандық сотының шешімін өз күшінде қалдырады.

Жайылым жердің осылайша сатылып кеткенін Е. Қалдыбаевтың сотқа жүгінуінің арқасында біліп қалған кооперативтен суармалы және тәлімі жерден өз үлестерін алған, ал, жайылым жердің тұсына тек сызықша қойылған ауыл азаматтары, атап айтсақ Шымкентбай Ағыбайұлы 40,06 гектар, Тайытбек Тұрлыбай 35,34 гектар, Құрманғали Төленді 21,4 гектар, Асан Ибрашов 20,2 гектар, Әбдіхан Нұрлыбай 16,3 гектар, Құралбек Сүлеймен 2,66 гектар, Әлжаппар Нұрлыбай 17,6 гектар, Теміртай Жолымбек 6,10 гектар, Алмас Түктібаев 37,0 гектар,

Әмір Карабеков 57,0 гектар, талантаражаға түскен, өздеріне тиесілі жайылымды қайтару үшін сотқа арыз береді.

Шымкент қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А. Қаппарбекова 2019 жылғы 19-желтоқсандағы ашық сот отырысында 1) «Алтын төбе» өндірістік кооперативінің мүшеліктен шығару жиналыс хаттамалары уәстесіз деп танып, бұзы, жер үлестеріне құқықтарын қалпына келтіру туралы; 2) Ордабасы ауданы әкімінің 29.08.2003 жылы №922 санды, №923 санды қаулыларын заңсыз деп тануды; 3) 2005 жылғы 28-маусымдағы «Алтын төбе» өндірістік кооперативіне өзгеріс енгізуін, яғни, 48 адамды мүшеліктен шығару туралы тіркеуді заңсыз деп тану туралы талапкерлер арызын қанағатсыз қалдырылсын деп шешім етті.

Судья өзінің шешімін кооператив адвокатының «талап қою мерзімі өтіп кеткен» дегеннен танбаған сөзіне сүйеніп шығарса керек. Ол адвокаты болса «бұл кісілер бәрін Баяда білген, білсе де әдейі көтермей, Шымкенттің мегаполиске айналғанын, ауылдары қаланың аумағына кіргенін күтіп жүрген» дегенге дейін барды. Сонда ауылдағылар бар күн көріп отырған малын үйінің төбесіне жаяды дей ме екен? Қорғаушы емес, қиялы фантаст жазушы ғой дайын... Ал, «ҚР Азаматтық кодексінің 180-бабына сәйкес талап қою мерзімі адам құқық бұзушылық туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен басталады» деген адвокаттардың уәжін құлаққа ілген жоқ. Сонда іске тіркелген, «жайылымдар – жалғыз ортақ мүлік болып саналады» деген хаттама қол сұртуды ғана жарайтын бос қағаз болғаны ма? Сонда «судьяның шешімі істің жан-жақты, толық та объективті (шынайы) негізде қаралуын қамтамасыз етуі тиіс» деген заңның басты талабын қайда қалады? Сот шешімі әділетті болуға үш негіз арқылы әділетті болуға міндетті емес пе? «Бір ауылдың халқы жайылым жерінен айрылып қала берсін, әділеті де – осы» дейміз бе?..

Шымкент қаласы, Абай ауданы, «Алтынтөбе» ауылы. Ауыл тұрғындарының талабын хатқа түсірген: Өмірзақ Ақжігіт. Шымкент қ., «Ұлағат» м/а, Ұлар көшесі, 4а үй. Ұялы тел. 8-701-682-5652

Отырықшы елдердің ежелден табиғатпен біте-қайнасқан қазақты: «Бұлар қыста ақ қар, көк мұзға оранып, өз-өзін ширатады. Алты ай жазда гүлге оранады» деп сипаттайтыны бар. Мұның мәнісі – көбіне көшпенділік тұрмыс-салтын ұстанатын осынау халық күннің суық мезгілінде күздік пен соғым етін пайдаланып, қазы-қарта жеп, жылы кезеңдерде көбінесе ақты, яғни, айран-сүт, құрт-май, саумал-қымызды талғажау етеді екен. Осыған байланысты сонау он тоғызыншы ғасырдың отызыншы жылдарына дейін ауру-сырғау дегенді көп біле бермеген жұрт есебінде бағаланған. Былайша айтқанда, «флора, фауна» дүниесін жақсы білген...

қандай тағдырмен барғанын әңгімелеуден тартынбайды. Тіпті, онда бастан өткерген қиындығын өзге қандастарымызға сабақ ретінде баяндап беруді міндетім деп санайды.

Қарап отырсақ, бұл қарындасымыз да бастапқыда ару шаһар Алматыға арман арқалап он жеті жасында келіпті. Болашақ жарымен де осында танысып, көп ұзамай тұрмысқа шығады. Бір күні күйеуі жас келіншегіне өзінің жұмыс істеп, тұрмыстарын түзету үшін Дубайға аттануды ұйғарғанын мәлімдейді. Сөйтеді де, ешбір ағайын-туыстың ақыл-кеңесіне құлақ аспастан, діндеген мемлекетке аттанып та кетеді.

Айдана сәл кейінірек пайымдаса, жолдасының діни көзқарасының өзгеруі Алматыда

жиналған нешеалуан ұлт өкілдерімен мидай араласып, ақыры арабтардың қатарына қосылған күйеуі 2017 жылдың көктемінде қазақтар Катибасына кіріпті. Бұл – әскери отряд деген сөз көрінеді. Осында жүріп, шекара күзетуге шыққан кезінде жұбайы тағы жараланды. Алайда бұл ретте де шайқас қимылдарының күшейгенін, әскерде сарбаздар саны күрт азайғанын айтқан басшылар жолдасын тағы да күштеп соғысқа аттандырады. Кейде «адам үш күннен кейін көрге де үйренеді» деген сөз рас па деп ойлай бастаған-ды. Себебі, бұғанша тағы екі бала туып үлгерген Айдана мұндағы өздерімен таңдырып, алыстан туған-туысқандары келгендей шаттыққа кенелген. Бірақ

сендерсіңдер!» деп айыптауға көшіпті. Бір-екі уыс ұн алатын ақшалары қалмаған соң малға беретін кебек жеп жан сақтаудан өзге амалдары қалмайды. Өстіп, бір жағынан, бомба алапатынан бас сауғалап, қаша-қаша, Суса, Ракка, Мосул, Шадат, Кишма қалалары арасында кезек босып, Бағұз қонысындағы қалқайып төрт қабырғасы ғана қалған үйді паналап жүргенде снаряд жарықшағы Айданаға да тиеді. Құдай сақтағанда, жара аса ауыр емес еді. Әйтсе де, қатты қиналады. Дәрі-дәрмек жоқ. Осылайша өлместің күнін көрген келіншек тағы бір елді мекенге қоныс аударады. Сөйте жүріп, әуе шабуылына тап болғанын ұмытпайды. Жазық далада қалған өңкей жесір бала-

қорап печенье мен бұршақтан жасалған ботка.

Тағдырдың жазуымен Шам өлкесіндегі соғыстың зардабын басынан өткерген қалың әйел күрдтердің қолына өз еріктерімен беріледі. Олар ұзақ әрі мұқият тексерді. Сол аралықта далаға қонған сәбилердің біразы таңға дейін шетінеп, қыстың ызғарынан талай бала ұйқыдан оянабады. Жиырма сағатқа созылған сапардан соң лагерьге жеткен босқындар дәрігерлік тексеруден өтіп, аздаған азық-түлікпен Қазтақстан Респбликасының «Жусан» операциясымен әйелдер мен балаларды қаңтар айында елге әкеткенін естіді. Сәуір айының ішінде келген қазақстандықтар бұларды есепке алып, алдағы күнде «Жусан-2» операциясымен әкететінін айттады.

Мамырдың 6-сы күнін Айдана еш ұмыта алмайды. Өйткені, бар көрген ауыртпалығын артқа тастап, туған елге оралған күні болатын. Содан бері Елбасына, Отанға рахмет айтудан танбай келеді.

– Алғысымыз шексіз. Бізді бұлай қарсы алады деп ойламаған едік. Бізді ойлағаннан да жақсы қарсы алды. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевқа үлкен рахмет айтамыз. Өз басым білімсіздіктің, қараңғылықтың зардабын тарттым. Намазды Ханафи мазһабымен бастасам да күйеуімнің айтуымен салафилик-уаһхабилік ағымның жетегіне түсіппін. Оның дұрыс еместігін елге келген соң білдім. Алғашында Ақтауда оңалту орталығында жатқанымызда теолог мамандар сабақ беріп, ненің не екендігін ұғындырды. Сол арқылы қателігімізді білдік. Мысалы, уаһхабилік ағым өкілдері намаз оқымайтын адамды көпір деп санап, оны өлтіруді, мал-мүлкін тонап алуы халал есептейді. Соның дұрыс еместігін осында келіп білдім. Ал, Сирияға барғандар Ислам шариғатын мүлде ұстанған жоқ. Нешетүрлі сүмде ұстанған орын алып жатқанын естідік. Тіпті, гомосексуализммен айналысқан баланың жазаланбағаны көп әңгіме болды. Соған қарап ешқандай шариғат шарттарының орындалмағанын білдік. Мәнін ең басты қателігіміз – білімсіздік екен. Күйеуімнің айтқанына ілесіп жүре беріппін. Бір кітаптың бетін ашып көрмеппін. Ендігі жастарға айтарым – іздену, білім алу басты міндет. Біреуді ұстаз тұтсаң басқа да еңбектерді оқып көр. Ең алдымен, іздену керек және өзімізге етене мазаһыты ұстанған дұрыс. Сонда ғана адам адаспайды екен, – деген Айдана алдағы күндеріне алаңдайды. Ес біліп қалған балаларын жеткізуді, солардың оқып, білім алуын армандайды. Өз басына түскен ауыртпалықты өзгелердің көрмеуін тілейді.

Иә, бір тағдыр – бір әлем! Шалыс басқан қадам иесін сынап-мінеп, кемсіте беру жақсылық әпермейді. Керісінше, халқымыздың «Адасқанның айыбы жоқ, қайта үйірін тапқан соң» деген қанатты сөзімен оларға қолдау көрсетіп, демеу берген жөн болар.

М.ӘСЕТҰЛЫ
Алматы облысы

ЖУСУАН ИСІ

НЕМЕСЕ АДАСҚАННЫҢ ОРАЛУЫ

Және бір ғажабы, нешеқилы гүлдің атын дәл қойып, саналуан қасиетті шөп түрінен дәрі-дәрмек жасаған қазақтың жанына жақын өсімдіктің бірі – жусан екенін аңдаймыз. Айталық, 1223-1277 жылдары Мысырда билік құрған әйгілі Бейбарыс сұлтанның үнемі жусан исі мен қымызды аңсайтыны туралы суреттер ойға оралады. Немесе, көрнекті жазушы Сайын Мұратбековтің «Жусан исі» деп аталатын хикаяты еске түседі.

Демек, әуелден «Бір қозы туса, бір түп жусан айыр шығады» дейтін елдің байламына салсақ, осынау қарапайым ғана қышқылтым өсімдікке ең алдымен бақ-береке, ынтымақ-бірлік ұғымдары сіңіріліп, туып-өскен топырақ киесі баланатындай. Ал мұны, әдетте, әрқалай жағдаймен жыраққа кетіп, атамекенді аңсаған жан жүі түйсінеді.

Қазір дүйім елге көптеген қандастарымыз Сириядағы лаңкестер құрмақшы болған халифат серкелерінің уағызына сеніп, қатты адасты. Сол қара байрақты басшылардың діни экстремизм лашымен әлгі елге өздері ғана кетіп қоймай, онда әйелі мен шиетті бала-шағасын қоса апарған бауырларымыз да бар.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев осындай келеңсіз жәйттерге орай былтыр арнайы нұсқау беріп, «Жусан» операциясын жасатқаны аян. Міне, осы тапсырма бойынша аталған әрекет үш мәрте атқарылды. Соның нәтижесінде елімізге 137 әйел мен 357 бала қайтарылды.

Әрине, бұлар алдымен Түркия шекарасының түбіндегі босқындар лагеріне жеткізілді де, одан туған жерлеріне әкелінді. Ең өкініштісі, жасөспірім балалардың біртқатары соғыс зардабынан жетім қалыпты.

Жоғарыда тоқталғанымыздай, «адасқандар» арасында жас әйелдер де көптеп кездеседі. Солардың бірі – Алматы облысы Панфилов ауданы Дарбазақұм ауылының тумасы Айдана Рақымбекова еді.

Бүгінде өз ауылында, ата-анасының қолында тұратын Айдана сол Шам аймағына



жүрген күндерде-ақ басталған екен. Яғни, оған Мысырдан келген ресейліктер қатты ықпал еткен көрінеді. Міне, солар азғырып, оны Дубайдан бір-ақ шығарады. Айдана да бұл аралықта дүниеге келіп үлгерген жас балаларын ертіп, күйеуінің сонынан кетуге бел буады. Бұл – 2012 жыл еді.

Жолдасының «жұмыс» деп жүргені – соғыс өрті тұтанған Сириядағы жиһад екен. Жас әйел де Құдай қосқан қосағының көзқарас, тіршілік салтымен санасуға мәжбүр болады.

Сөйтіп жер қара, күн жылыда атышулы ДАИШ ордасына тап болған жас әйел келіншек екі баласымен әлдебір мекен етіп, күн кешеді. «Жұмысына» таң азаннан шығып, түн ауа оралатын күйеуі бейбіт Шам өлкесінің тас-талқанын шығарған қара тулы халифаттың Муаскарасында қызмет етеді. «Әскери шатыр» деген мағынаға ие Муаскара, анығын айтқанда, нағыз лаңкестер орталығы екен. Ондағы әмірлі басшылар «жалдамалыларды» қай шаруаға жететінін өздері білетін. Айдананың жолдасы болса соғыс ошағына бөлінген болып шықты. Оның өзін күйеуі аяғынан қатты жараланған кезде ғана білді. Ол үйде бір айдай жатып өз-өзін емдеді. Дегенмен, қатыгез жетекшілер оның жаракатының толық жазылуына да қарамастан, алапат өрт ортасына тағы салды.

Осылайша жан-жақтан

бұл қуанышы ұзаққа созылмады – күйеуі майданда мерт болыпты.

Ертегіне-ақ пәтер қожайыны жетіп келіп үйді босатуды талап етті. Солайша аяқ астынан жесір қалған келіншек өзі секілді әйелдер тұратын мадафаға ауысты.

«Жығылғанға – жұдырық» дегендей, төрт бірдей баламен жат жұртта жүріп қан жұтқан әйелді біреулер мұнда да сыйғызбады – төрт баламен үйден қуып шыққандай етіп басқа қуысқа көшіреді. Осыдан бастап сандалу күшейді – баспана іздеп үй жағалады, бір үзім нанға зар болды.

Солайша, өзі секілді жесірлермен бірігіп арғы жағадағы иелері өліп, қаңырап бос қалған немесе құлаған үйлерді сағалауға кірісті.

Біраз уақыт бала-шағасын ерткен жүз елуей әйел бос тұрған бес бөлмелі үйді паналады. Тек мұнда жарық та, су жоқ екен. Ішер нәр іздеп далаға шығудың өзгі мұң болды. Себебі, ондағы жергілікті халықтың салты бойынша әйел адам көшеге шықпауы керек көрінеді. Ақыры, аштық қысқан өңкей жесір әйел балаларын ертіп зекет тарататын орындарды жағалауға кіріседі. Қаңғыған аш-арық байғұстарды кім аясын, арабтардың бұл міскіндерді мүсіркеп көмек қолын созуы былай тұрсын, таяқтап қуып жіберген сәттері де жиілепті. Тіпті, «Мұнда неге келдіңдер? Соғысты бастаған

шағасын атылған оқтан сақтау үшін жерді үңгіп, окоп қазып алуға тырысатын. Сол күндердің ауыртпалығын еске алған Айдана:

– Бізді әбден алдаған екен. Онда күйеуім жиі айтатын шариғат заңдары ескерілмейтін. Бізді мүлдем жақтырмайтын. Көрген жерден кірпіше жиырылып, теріс айналатын. «Өй, мыналар тағы келді, соғысты бастаған осылар. Демек тек жергілікті халыққа беріледі. Сендерге жоқ! Не үшін келдіңдер?» – деп тепсіне сөйлейтін. Соның бәрі жалған ағымның жетегіне ергендіктен екен, – деп терең күрсінді. – Ақырында Бағұз қаласында да әуе шабуылы үдеп, бас көтере алмадық. Сөйтсек, қалың адамның арасында оқ-дәрі салынған жүк көлігі бар екен. Әлгі жарылып, айналамыздағы жарылыстан көз аша алмай қалдық. Баламның қолына снарядтың жарықшағы тиіп, жаракат алды. Көз алдымызда адамдар құлап жатыр. Қазып алған окопымыз қорған болды. Әйтпегенде түгел қорылып қалар едік. Дәрігерлік көмек көрсету мүмкін емес. Сондайда адамның адамдығы анық көрінеді екен. Тереңірек окоп қазып алғандар шырырап жалынсаң да кіргізбейді. Сол күнгі жарылыстан бізге бермей қызғанған азық-түлік қоймасы жарылды. Ұшып жатқан оққа қарамастан еңбектей жүріп, балаларға талғажау болар нәрсеге таластық. Сондағы алғаным бір

ПРЕЗИДЕНТ БЕЙСЕН ҚҰРАНБЕКТИҢ ОТБАСЫНА КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев белгілі журналист, «Жетісу» телеарнасының директоры Бейсен Құранбектің қайтыс болуына байланысты оның отбасы мен жақын туыстарына көңіл айтып, жеделхат жолдады.

— Белгілі журналист, танымал тележүргізуші Бейсен Құранбектің дүниеден өтуіне байланысты ауыр қайғыларыңызға ортақтасып, көңіл айтамын. Бейсен Құранбек қазақ журналистикасында өзіндік орны бар, кәсіби қолтаңбасын қалыптастырған азамат еді. «Қазақстан» ұлттық телеарнасындағы «Айтуға оңай», «Қарекет» бағдарламаларын жүргізіп, елдің ыстық ықыласына бөленді, халықтың алғысын алды. Ол Алматы облыстық «Жетісу» арнасының директоры ретінде білікті басшы, ұтқыр ұйымдастырушы екенін де көрсете білді. Марқұмның топырағы торқа, жатқан жері жайлы, иманы саламат болсын!, — делінген жеделхатта.

«АРДАҚТЫМ, АЗАМАТЫМ, АСЫЛ ЖАРЫМ...»

Өмірден өтті... Мәңгілік мекеніне жетті... Ол кісінің демі үзілсе, менің де тынысым тоқтайтындай көрінетін. Алайда, кеудемдегі жаным шықпаған соң, тірі адам тіршілігін жасай береді демекші, басымды көтеріп, айналама қарауыма тура келді. Алланың ісіне көңілдім.

Бейсекемнің артынан қаза қайырлы болсын айтып жатқан адамның санында есеп жоқ, қалың қазақ қабырғасы қайысып, көңіл айтуда. Еліміздің игі жақсылары лебиздерін білдіріп, жеделхаттар жолдап жатыр.

Әлеуметтік желілердегі жазбалар, арнаулар мен комментарийлерді бей-жай оқу мүмкін емес, жүрегіңді қан жылатады деген ағайынның өзара әңгімесін үш күннен бері естудемін. Олардың барлығын ашып оқуға жүйкем шыдамады... Әйтсе де кеше бірқатарын көрдім, түсіндім. Көрермен қауым, жора-жолдас, майдандас әріптестер, үлгі тұтып соңынан ерген жастар қандай тұлғадан айрылып қалғанын сөзбен жеткізе алмай, зар илеп жоқтап жатыр.

Телеарналар Бекен туралы сюжеттері мен хабарларын жедел түрде дайындап, халық назарына ұсынып, ыстық ықыласыңды білдірді. Алмас қайғыға ортақтасуда. Баршаңызға әулетіміздің атынан алғысымды білдіремін.

Бейсекемнің мақтауын жеткізіп, бояуды аямай, әсірелеп айта берсем болар еді, бірақ, Құдайға шүкір, оны менен неше есе артық жақсы жеткізетін адамдар баршылық. Әрі оның шынайы бейнесін бетпе бет кездескенде де, көгілдір экраннан да өздеріңіз көріп, бағасын беріп жатырсыздар. Сондықтан мен оның осы дүниеден тыс дүниеге өтер кезіндегі оның ойларын ғана жеткізсем деймін.

Ол ұзақ ауырды, аурудың жақсысы жоқ, алайда нақ осы дерт адамның сабырлылығы мен төзімін сынауға арналған ба деген ойға қалдым. Ауру дендеп, денені құрсап, қинап жатса да, Бейсекем қабағын бір шытпады, «мына ауру пәле болды, шаршатты» дегенді айтпады. Дүниеден озу осындай да болады екен...

«Құдайым мені қай кезде аламын десе де дайынмын. Алланың маған нәсіп еткен өміріне де, сынағына да разымын. Мен жақсы өмір сүрдім. Маған Алла тағала жақсы ата-ана, жанашыр бауыр, адал жар, сүйкімді бала сыйлады. Он екі мүшемді сау қылып, бойыма қуат берді, миыма сана, жүрегіме рух берді. Басыма бақ қондырды. Ел-жұртыма маңдай терімді сыпырып жүріп қызмет етуге мүмкіндік берді. Тағы уақыт берсе, тағы да аянбай қызмет етуге даярмын. Мені жақындарыммен, балаларыммен сынамай, жеке басыма дерт беріп, өз денеммен сынап жатқанына тағы да шексіз ризамын. РИЗАМЫН!»

ГҮЛМИРА
(Бейсен Құранбектің
жары)

ПАРАСАТЫ БӨЛЕК, ПАЙЫМЫ ЕРЕК...



АЙТУҒА ОҢАЙ ЕМЕС – ҚАЛЫҢ ҚАЗАҒЫҢНЫҢ ҚАБЫРҒАСЫ ҚАЙЫСУДА

Бүкіл қазақтың бауырындай болып кеткен Бейсен Құранбек бауырымыз да мәңгілік сапарға аттанып кетіпті!..

Келісті келбетінен имандылық пен парасаттылық нұры есіп тұратын есіл бауырым-ай! Алладан бұйрық келген екен, алданнан жарылық қалған!

Бейсен бауырым ағаға ізеттілігі мен ініге ілтпатынан танбаған зады зиялы жан еді... Халық қамын ойлап, елге болсын деп тұратын мейірім бар еді жүрегіңде. Ең бастысы Ұлтшыл еді. Ұлттық мүддені қорғауға келгенде қайсарлығы ол жүргізген, тележурналистика саласындағы жарқын рухани дүниеге айналған «Айтуға оңай», «Қарекет» хабарларында айқын аңғарылып тұратын.

Анау бір жылы құйрықты жұлдыздай жарқ еткен жасын жырлы ақберен ақындар Есенқұл Жақыпбек пен Әмірхан Балқыбек туралы еске алу хабарын ерекше зейінмен, білікті бейілмен жүргізіп еді. Енді Бейсен Құранбектің өзі туралы да өткен шақпен естеліктер айту басталып кетті... Қасиетті Рамазан айында бақи дүниеге аттанып кетті! Алдың пейіш, артың кеніш болғай бауырым! Ердің жасы елуінде айтылар ел сөзі бір жыл қалғанда, мүшел жасында өткен шақпен өкінішпен айтылуы жүрек ауыртады... Жалған өмір деген осы! Өзіңді елге танытқан әйгілі хабарларыңның аттарындай, барлық нәрсе «Айтуға оңай», ал «Қарекет» ету қиын екенін білдіріп кетті... Ал АЙТУҒА ОҢАЙ емес, қиын да өкініштердің боларын өзіңнің

өміден өтуіңмен көрсетіп кеттің... Қалың қазағыңның қабырғасы қатты қайысуда!..

Ауруханада аурумен алысып жатқанда да Алашынды ойлап, қайратынды жиып, елге сәлем айтып, амандық тілеп жүргеніңді де білеміз.

Бүгін қалың ел қоштасу сөзін жазып отырған жарқын бейне Бейсен бауырым парақшасына ең соңғы рет былтыр 25 шілдеде шығыпты...

«Абайды оқыйық» атты рухани этафетаны қабылдап, елге жолдапты. Ұлы Абайдың елге еңбек ету туралы айтқан ұлағатты сөзін әдемі келтіріпті. Бұл оның экрандағы соңғы бейнесі болуы керек. Оның алдында 1-наурызда «Жазылдым» деп жазба қалдырған екен қайран бауырым...

Экраннан кетсең де, Ел жадынан кетпеген, Өмірден өтсең де, Көңілден кетпейтін Алаштың арда ұлы Бейсен бауырым, бақұл бол! Өзіңмен қоштасқандай Алматы аспаны ағыл-тегіл жаңбыр жауып тұрды.

*Күрсінді қазақ, күркіреп
аспан көктемде,
Қасиетті айда Алладан
бұйрық жеткен бе? —
Өмір дегеннің жалған
екенін білесің,
Өлімге қимас өзіңдей
ерлер кеткенде!*

Иманың серік болсын, бауырым!

Құдай отбасына қуат беріп, артында қалған ұрпақтарына ұзақ ғұмыр берсін!

Қазыбек ИСА
«Қазақ үні»

Желіден сөйлегенді уақытша тоқтата тұрып, Дәулеткерей (Кәпұлы) інімнің бір жауапты тапсырмасын жасырын орындап жатыр едім. Кездейсоқ есітіп, көңілім құлазып сала берді. Бейсен... Бейсен Құранбек қайтыс болыпты. Журналистикадағы жан тартып жақсы көретін інім. Азаматқа ажал сағаты соғыпты. Ел қайғысы. Ел түгілі өзіме қалай тоқтам айтарымды, жабылған көңілімді қалай жұбатарымды, өзімді-өзім қалай алдарқатарымды білмей әбіржіп отырғаным. Бір қабырғамды, ерен қабырғамды әлдекім сөгіп әкеткендей болып отырмын.

Теледидар қазақтың өміріне байырқаланып, дендеп енгелі қашан?! Корифей Сұлтан Оразалин қаршадайымнан араластырып баулып бастап еді. Сосын Сағат марқұм, Әшімбаев әуелгі «Жүректен қозғайық», сәл кейін «Қарыз бен парыз» секілді айтулы бағдарламаларға жегіп, қамаутерімді алып, додаға салып жіберді. Телемәтр Нұртілеу Иманғалиұлымен экранда «шайқасып» отырар едік. Еріксіз тележурналистиканың тарихына көз жіберіп, ойша салмақтап отыратын әдетті солай таптық.

Қазір қай салада да оқымайтын, білімсіздігін (тіл білмейтіні тағы бар) мін көрмейтін кәсіліп көсемситін шолақ белсендінің заманы. Әсіресе, журналист ағайынның киім киісі, жүріс-тұрысы... қазақ қоғамының бүгінгі, әмсе ертеңі үшін үлкен төрбие. Бізде ол жоқ. Тал бойында сол қасиеттер молынан табылатын азамат опат! Көңіл құлазымағанда қайтеді?!

Көңіл құлазыттар бірөңкей сұрқай Бағдарламалар арасынан «Айтуға оңай...» жарқ ете қалғанда атсейіс секілді Бейсен экранда жалт ете түсер еді еріксіз көңіліңді өзіне — хабарға аударып. Бейсен сорлы қазакты езіп, жаншып ұстап жатқан небір сорақы мәселені түп етегінен келіп кеткен бірге ит сілікпесін шығарып талдайды, сол жолда толғап-толғап сөйлейді...жанып жүргізеді! Журналист білім, білігіне жаның марқаяды. Ал хабарға қарай жаның күйзеледі. Қазақты сырт ел жеп жатыр. Қазақты қазақ жеп жатыр. Байы ұры, батыры рәкет... сорлы қазақ кеудесін сүйретіп жүріп келеді. Өз жерінде, өз елінде өзі жетім... Бейсеннің «Айтуға оңай» бәсіре хабарынан мен осыны түсінемін. Бейсен жеткізіп айтады. Бар бәле білікте. Билік назар аудармайды. Мал құлағы санырау!

Асыл ойлы журналисті шаршатқан халықтың жүдеу өгей өмірі, жадау күйбең тіршілігі! Көтерілген мәселенің қайырсыз қалуы қажытты божы ұстаған Бейсенді. Күрескер рух жасыды. Сындырғысы келді. Сынбады. Ақыры ту бастауында отқайнар Қайнар Олжатақ өззелдеп еткізген, Бейсен батыр үкілеп дүйім тынды. Хабар өлді. Хабармен бірге Бейсен де! Берідегі Малаховты қоя тұрып, әрідегі «Час пикті» еске аламын. Влад Листьев өлді, «Час пик» бірге өлді. Құйтұрқылық құрбаны!

Қаракетсіз жүрмесін деген шығар, аузынан от шыңқалып қалың журналистке жаңа Бағдарлама ұмылдың. «Қаракет»... «Қаракет» «Айтуға оңай емес...» еді бірақ. Бола алмады...»

Сағат Әшімбаев, Бейбіт Құсанбек, енді міне, Бейсен Құранбек! Тележурналистиканың тас диірменін шыр айналдырып, халық мұң-мұқтажын парасат биігіне көтеріп, ойлы толғаған оғандар-ай! Олар бейне ел-жұрты үшін жанын құрбандыққа шалып от тасыған Прометейдей! Халықшыл бейлімен халық жанынан берік орын алған ойпаз оғандар-ай! Халық бойындағы қайғыны өз бойына көшіріп, қайғы отын жағып, бірақ өшіре алмай, күйіп-жанып жүріп өртеніп кеткен мәңгі жас бозымдар-ай!

Бейсен Құранбек ойы терең, сөзі берен, бергенінен берері мол, парасаты бөлек, пайымы ерек от жалын жас еді. Қыршын! Амал не? Қара жер бәрін көтереді. Қара жер көтерген қайғыны қалын ел — қазағы да көтереді! Басқалай шараң қайсы?!

Халыққа көңіл айтушы,
Құлбек ЕРГӨБЕК

Республикалық «Қазақ үні» газетінің ұжымы белгілі журналист, танымал тележүргізуші **Бейсен ҚҰРАНБЕКТИҢ** мезгілсіз өмірден өтуіне байланысты марқұмның туған-туыстары мен асыл жары Гүлмираның қайғысына ортақтасып көңіл білдіреді.

КӨК ТЕҢІЗДІҢ КӨКЖАЛЫ



Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы Алматы қалалық филиалының кеңес мүшесі Көпесбай Жәмпейісовті жетпіс жасқа толуымен құттықтаймыз.

Қымбатты Көпесбай Оразбайұлы!

Тынық және Атлант мұхиттарын өтіп, Балтық флотының ракетна крейсери мен ракеталық корабльдері дивизиясын басқарған ең Бірінші Рангалы капитан!

Алып Жетісу-Іле дарияларының жағасынан шыққан қазақтың аңызға айналған Бірінші Теңіз Көкжалы!

Өзімді жарық дүниеге келместен де бұрын білген менің баға жетпес асыл Ағам! Осынау әсем күні Өзіңіздей сұлу жанға арналған Сізді бек құрметтейтін, Өзіңіздің достығыңызды шексіз қадірлеп, лайықты мақтан тұтатын, жоғары бағалайтын менің және көптеген достарым, әріптестерімнің атынан ең ізгі, ең ыстық ниетімізді қабыл алыңыз!

Шені мен енбек өтілі жағынан Өзіңізден кіші адам ретінде Сізге флоттық мықты денсаулық, теңізшілерге тән ұзақ ғұмыр тілеуге, Сізді ешбір сұрапыл толқын шайқап, аяқтан теңселтпесін деп тілектестік білдіруге рұқсат етіңіз! Сіздің отбасыңыз бен ет-жақындарыңыз, балаларыңыз бен немере-

шөберелеріңіз Өзіңіздің жіті басшылығыңыз арқылы нық бағытпен жүріп, кейде сәл-пәл ауытқыса да диттеген межесінен ешбір таймасын, тайсалмасын!

Даңқты Жәмпейісовтер әулетіне қашанда амандық-саулық, сый-құрмет, рухани да материалдық тұрғыдан мол дәулет тілейміз – бұған Сіз барлық ұрпақ үшін Отан қорғау жолында ғұмырыңызды сарп етіп, Қазақ Республикасының қорғаныс жүйесін құрып, Ливияға дейінгі жауынгерлік операцияларға қатыса жүріп, еңбегіңізді әбден сіңірдіңіз.

Ал ерекше алғысымды Сіздің жас шағыңыздағы менің Тұрлыбек әкеммен ағайындарыңыздың үшін білдіргім келеді. Ба-бам қазақ: «Әкен өлсе де, әкеннің көзін көрген өлмесін!» деп бекер айтпаған.

Ғұмырлы болыңыз, Көпесбай аға!

Қашанда қасыңызда болып, бауыр ретінде, бұрынғы корабль старшинасы ретінде, дәл Өзіңіз секілді – Еліме, Жеріме, Сіздей ардақты Ағаға адал қызмет етуге әрқашан дайынмын!

**Зор құрметпен, өзіңіздің
Азат Перуашевіңіз.**

**ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты,
Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық
партиясының төрағасы**

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, ҚР құрметті спорт қайраткері, «ФИЛА» Халықаралық Күрестер қауымдастығының «Алтын қыран» орденінің иегері, Аса жоғары дәрежедегі халықаралық төреші, Мақтаарал ауданының құрметті азаматы Бақыт Жаңбырбаев жемістік келіп отыр.

Б.Жаңбырбаев атында күні бүгінге дейін жиырма төрт халықаралық деңгейдегі жарыс өткізіліп, оның барлығында дерлік темір тұлпар тігіліп, Өзбекстан, Қырғыстан, Тәжікстан, Ресей сынды көрші мемлекеттерден балуандар қатысып бақ сынап, сый-сияпатқа ие болғанын халық жыры айтып жүр. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, Бақыт Жаңбырбаевтың талай дүбірлі додаларда шашасына шаң жұқтырмаған шәкірттері ел мақтанышына айналып, ұстаз абыройын асқақтатып жүр. Оқырман назарына елдің ерекше ықыласына бөленген елағасы туралы лебіздер ұсынылып отыр.



Бақыттыңды таптың, ақыр Күрестен

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, «ФИЛА» Халықаралық Күрестер қауымдастығының «Алтын қыран» орденінің иегері, белгілі бапкер Бақыт Жаңбырбаевқа

*Тура келген апатқа бұл жоқ айла,
Тар төсекке таңылдың сен көп айға...
Боз кілемде ойнақтаған балуанға,
Бозарып-ақ жату деген оңай ма?*

*Қайрауында жігер менен намыстың,
Сегіз жүз күн аурумен алыстың.
Рухыңды түсірмедің жыр оқып,
Әр ақыннан алып жаның әр ұшқын...*

*Білектің жоқ...
Жүректің көп дірілі...
Сазға бөлер Сабырханның сыры, үні...
Қадыр қайрап,
Мұқағали мұңдасып,
Сезім шайқар Тұманбайдың тұнығы...*

*Тағдырымен тайталасып тірескен.
Ақынжанды ең, жүрегінен жыр ескен.
«Өмір күрес» дегендей-ақ, өр аға,
Бақыттыңды таптың ақыр Күрестен.*

*Келісті ерден кете қоймас бақ көшіп...
Талай тарлан шәкірттерің жатты өсіп.
Алыс-жақын жатыр бүгін дүрлігіп,
Атыңдағы жарысқа да ат қосып...*

*Қажымұқан қайрат берген қалыңда,
Нағыз бапкер атандың сен нар тұлға.
Талай тойда қызмет еткен тамада ең,
Тамашанды тойлауда енді халқың да...*

*Жемісін де төгеді ағаш жерінде,
Ел ішінде ие болдың сенімге.
Кілемде де көрмең едің жығылып,
Өмірде де ешуақытта жеңілме!*

ЖАҢБЫРБАЕВТЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫ

Бақыт Жаңбырбаев. Бұл кісінің спорттағы даңқы дүйім жұртқа мәлім. Сондықтан, мен бұл жағына емес, оның азаматтығы мен адалдығына, қабілет-қарымына тоқталмақпын. Жасыратын несі бар, спорт саласында жүрген көптеген азаматарымыз дене кимылына, яғни іске ширақ болғанымен сөзге келгенде шорқақ болып жатады. Ал, Жаңбырбаевтың бойына Жаратқан иеміз шешендік өнерді де дарытқан. Құдайдың өзі берген қабілеті деп қадап тұрып айтсақ та жарасатындай. Өйткені, кейіпкеріміз Тіл маманы емес. Бәзбіреулер секілді осы саланы төрт-бес жыл оқымаған да. Алайда, ана тіліміздегі сөздердің құрылымы мен мән-мағынасын талдағанда тіпті, кәнігі мамандардың өзін таң қалдыратын деңгейде. Мұны бір деңіз. Содан соң сөзі мен ісінің арасы алшақтамаған. Әсіресе, үдеге берік. Сөзге де, іске де батыл. Ол осы бір қасиетінің арқасында Оңтүстіктің Мырзашөл өңірінде зор абыройға ие. Туған жеріндегі ел-жұрттың алдында қадірлі.

Бұл орайда мына бір жағдайды айта кеткен жөн, Мырзашөл өңіріне шоғырланған рулар өздерінің ішкі бірлігіне аса мән береді. Әрине, бұл бағыттағы жұмыстарды

олардың арасынан шыққан көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар жүргізіп отырады. Мәселен, біз сөз етіп отырған Бақыт Жаңбырбаев тек руластарына ғана емес, өзге ағайындарға да өз қамқорлығын, ақылын аямайды. Әсіресе, кез келген жастың жүрегінен от көрсе, оны өзіне қарай тартып кететін қасиеті бар. Үлкенге де, кішіге де бірдей қарайды. Кісінің дүниесіне, мансабына емес, алдымен адамдығын таразылайтынына өз басым талай рет көз куә болдым. Алдына «аға» деп барған кіші толқынның алдында «үлкен басын кішірейтіп», соның деңгейінде сөз сабақтайды. Оңтүстіктің бәзбір өркөкіректері секілді «маған өткізіп қойғаның бар ма еді?» деп кісіміңу бұл кісіде жоқ. Сірә, жетпіс жасқа таяған бүгінгі шағына дейін зор абыройы болып жүруінің бір сыры осында жатса керек.

Өз басым бүгінде бұл кісімен рухани доспын. «Бір нәрсе өткізіп қоймасам да» мені бауырым деп қашан да ағынан жарылып тұрады. Қысқасы, осы кісінің адамдық қолым алдағы өміріме азық еткім келеді. Аман болыңыз, Бақыт аға.

**Ерлыбай ӨЗБЕКБАЙҰЛЫ,
журналист**

**Қазыбек ИСА
1995 жыл**

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ

Президент –
Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтеу МҰҚАШ

Бас редактордың бірінші орынбасары –

Зейнолла АБАЖАН

Бас редактордың орынбасары –

Азамат ТАСҚАРАУЛЫ

Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:

Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)

Айнұр АХМЕТ (мәдениет)

Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Астана тілшілер қосыны:

Азамат ТАСҚАРАУЛЫ

(8-702-931-89-86)

Жасұлан ИСА

(8-776-120-19-72)

Ақмола облысы:

Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:

Нұрсұлтан НҰРМАН

(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:

Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)

Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)

Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)

Батыс Қазақстан облысы:

Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

(8-701-111-61-05)

Жезқазған қаласы:

Жанат АСАНҚАЛИ

(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

Сәтбаев қаласы:

Абдолла ДАСТАН

(8-71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)

Қарағанды облысы:

Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:

Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:

Рахат АЛТАЙ

(8-775-998-15-39)

Маңғыстау облысы:

Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)

Түркістан облысы:

Әбдіғалпалар АЙДАР

(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)

Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

Түркістан қаласы:

Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Атқарушы директор –

Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Тарату бөлімі:

Астанада:

Жасұлан ИСА

(8-776-120-19-72)

Шымкентте:

Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш» (87015728847)

дүңгіршіктерінде сатылады

Газет РҚТ Мәдениет және ақпарат

министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген.

Күәлік №13976-Г (Алғашқы күәлік

№1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқа-

расы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.

Қолжазбалар өңделеді және қайта-

рылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап

береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жа-

салуды шарт.

Газетте «Қазақпараттың» материалдары

пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер

орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3

ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:

8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com

www.qazaquni.kz

Кезекші редактор –

Гүлмира САДЫҚ

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784

ИИК КЗ50856000000385541

АГФ АО «БанкЦентрКредит»

г. Алматы, БИК КСЖКЗКХ, Кбе 17

Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында

басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.

Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген